«ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК

Вариативті компонент бойынша тәрбиелеу және білім беру циклограммасы.
«Балдырған» ортаңғы тобы, «Қарлығаш» ортаңғы тобы, «Айгөлек» ересек тобы, «Балапан» ересек тобы .

Бейнелеу өнері педагогі: Бердаулетова Г.К

2025-2026 оқу жылы

Вариативті компонент бойынша тәрбиелеу және білім беру циклограммасы.

**Білім беру ұйымы:** «ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК.

**Бейнелеу өнері педагогі:** Бердаулетова Г.К

**Топ**: «Балдырған» ортаңғы тобы,  «Айгөлек» ересек тобы, «Балапан» ересек тобы .

***Жоспардың құрылу кезеңі***: қыркүйек – 1 апта.

| **Күн тәртібі**: | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі |
|---|---|---|---|
| | Күні: 02.09.2025 ж.<br><br>«Балдырған» отаңғы тобы<br><br>Уақыты: 16:05 - 16:20 | Күні:  03.09.2025 ж.<br><br>«Балапан» ересек  тобы<br>Уақыты: 15:50 - 16:10 | Күні: 04.09.2025 ж.<br><br>«Айгөлек» ересек  тобы<br>Уақыты: 15:50 - 16:10 |
| **Ұйымдасты-рылған іс-әрекетке дайындық:** | Ұйымдастырылған іс-әрекетке көрнекіліктер, дидактикалық материалдар реттеу | Ұйымдастырылған іс-әрекетке көрнекіліктер, дидактикалық материалдар реттеу | |
| **Ұйымдасты-рылған іс-әрекет:** | **Тақырыбы**:**«Дәмді жемістер»**<br>**Мақсаты:**балаларды сурет салудың дәстүрден тыс тәсілдері мен таныстыру.Балаларды сурет салудың мақта таяқшаларын пайдалана отырып, жемістердің бейнесін жасауға үйрету. Әсемдікті бағалай білуге тәрбиелеу.<br>**Көрнекілік материалдар.**<br>жемістер муляждары, бақша суреті, мақта таяқшалары, түрлі-түсті бояулар,  жемістердың сұлбасы бейнеленген трафорет, сүрткіш.<br>**ҰІӘ барысы**<br>Тақтаға «Күз» мезгілінің суреті ілінеді. Күз мезгілі туралы білімдерін кеңейту үшін әңгіме жүргізіледі.Балаларға сурет бойынша әңгіме құратады. Балалар, мына суреттен нені көріп тұрсыңдар? Алма туралы сұрақтар береді. Балалар алманың суретін салады. «Домалақ», «әдемі», «қызыл», «сары», «жасыл» деген сөздермен сөз тіркесін құрастырады. «Әртүрлі», «алуан түрлі» сөздерін қайталатады. Педагог алманың суретін дәстүрден тыс сурет салу | **Тақырыбы:**“Құлпынай”<br>**Мақсаты:**балаларды пластилинографиятехникамен таныстыруды жалғастыру<br>**Көрнекілік материалдар.**Негізге арналған картондағы құлпынай контуры, пластилин, қарақұмық жармасы, қағаз және дымқыл майлықтар.<br><br>**ҰІӘ барысы**<br>**Ғажайып сәт.**<br>Педагог топқа Аюдың келгенін айтады.<br>- Аюмен амандасайық. Сәлеметсің бе!<br>- Аю өзімен бірге себет алып келіпті.<br>- Қараңдаршы, аюдың себетінде не бар екен?<br>**-** Дұрыс айтасыңдар, балалар, құлпынай бар.<br> Педагог құлпынай муляждарын алып балаларға көрсетеді, балаларқұлпынайдың түсін,пішінін<br>айтады. -<br> Балалар, ермексаздан аюға құлпынай жасап берейік..<br>Балалар қызығушылық танытады.<br>- Қане, құлпынайды әдемі етіп жасау үшін саусақтарымызды жаттықтырып алайық. | |

| | | |
|---|---|---|
| | жолдарын түсіндіріп,көрсетеді.<br>Сергіту сәті:<br>Қолды үстелге қоямыз,<br>Саусақтарды санаймыз.<br>1, 2, 3, 4, 5 – 1, 2, 3,4,5<br>Екі қолды қос. (Екі рет қайталауға болады)<br>Тәрбиеші сұрақтар арқылы ұйымдастырылған іс – әрекетін пысықтайды.<br>-Қараңдаршы, балалар, алмаларымыз әр түсті болып шықты (тақтаға балалардың жасаған жұмыстары ілінеді) Қызыл, сары, жасыл, алмалар – бір сөзбен әр түсті, алуан – алуан түсті деп атауға болады. «Алуан» сөзін қайталатып айтқызады. Балалар жұмысын талдап, мадақтайды.<br>Күтілетін нәтиже: алма жемісін салуда өз еркімен бояу түстерін таңдай біледі. Дәстүрден тыс сурет салуды. Алманың суретін салуға дағдыланады. | Балалар қуана келіседі.Кәнекей, балалар, барлығымыз алақандарымызды ашып, саусақтарымызды созайық. Екі алақанды өзара айқастырып, айналдыра илейміз. Енді, тік жайылған екі алақан арасына сазбалшықты қысып, басып аламыз. Жарайсыңдар!<br>Әдіс -тәсілін тәсілін көрсету.<br>- Ең алдымен, балалар, қызыл жәінежасыл ермексазды жақсылап жұмсартамыз. - Міне, ермексазды жұмсартып алдық, енді қатты қағазға жапсырылған дайын құлпынайдын контурына ермексазды саусақпен созу арқылы жапсырып құлпынайды толтырамыз.Қараққұмық жармасын құлпынай бетіне қоямыз.<br>- Дайын ба? Кімде қалай шықты? (Әр баладан сұрау.)<br>- Енді, осы құлпынайды аюдың себетіне саламыз саламыз. Тамаша!<br>Қорытынды<br>Орындалған тапсырма үшін мақтау.<br>- Қандай әдемі! Құлпынайларр қандай көп! Аю өте риза.<br>- Солай емес пе, аю? (Аю басын изейді.)<br>- Өкінішке орай, балалар, аюға орманына қайту керек.<br>Аю балалармен қоштасады.<br>- Мүсіндеудің қандай әдістерін қолдандық?<br>Балалардың жауаптары.<br>Іс-әрекет соңында балаларды мақтайды. |

Вариативті компонент бойынша тәрбиелеу және білім беру циклограммасы.

**Білім беру ұйымы:** «ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК.

**Бейнелеу өнері педагогі:** Бердаулетова Г.К

**Топ**: «Балдырған» ортаңғы тобы,  «Айгөлек» ересек тобы, «Балапан» ересек тобы .

***Жоспардың құрылу кезеңі***: қыркүйек – 2 апта.

| **Күн тәртібі**: | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі |
|---|---|---|---|
| | Күні: 09.09.2025ж.<br><br>«Балдырған» отаңғы тобы<br>Уақыты: 16:05 - 16:20 | Күні:  10.09.2025 ж.<br><br>«Балапан» ересек  тобы<br>Уақыты: 15:50 - 16:10 | Күні: 11.09.2025 ж.<br><br>«Айгөлек» ересек  тобы<br>Уақыты: 15:50 - 16:10 |
| **Ұйымдасты-рылған іс-әрекетке дайындық:** | Ұйымдастырылған іс-әрекетке көрнекіліктер, дидактикалық материалдар реттеу | Ұйымдастырылған іс-әрекетке көрнекіліктер, дидактикалық материалдар реттеу | |
| **Ұйымдасты-рылған іс-әрекет:** | **Тақырыбы**:**«Гүлдің күлшелерін тауып беруге көмек беру»**<br>**Мақсаты:** дала гүлдері мен бөлме гүлдерінің ерекшелігі туралы түсініктерін кеңейту. Өсімдіктердің пайдасы туралы ойларын толықтыру. Дәстүрден тыс сурет салу әдісі (Ниткография) арқылы гүлдердің бейнесін салуды түсіндіру және бояу түстерін үйлесімді қолдана білуге жаттықтыру.<br>**Көрнекілік материалдар.**<br>А4 бет, гүл күлшелері, жіптер, суреттер<br>**ҰІӘ барысы**<br>Жақсы, балалар, енді барлығымыз әдемі болып өз орнымызға отырайық, Балалар, мен сендерге жұмбақ, жасырамын, ал сендер мұқият тыңдап, жауабын тауып көріңдерш Жұмбақ жасыру: Мамық, шуаш иісті, Шыр айналдып жіп болар, Тоқыса жылылығы күшті ағашқа құйындап оралар. (Итрілген жүн, жіп) -Дұрыс айтасыңдар балалар, жұмбақтың жауабы жіптер екен.<br>«Ниткография» дәстүрлі емес әдісі бойынша гүлдің | **Тақырыбы**:"Табақтағы жемістер"<br>**Мақсаты:**Балалардың әртүрлі әдістерді қолдана отырып, бірнеше бөліктен тұратын заттарды тұзды қамырдан мүсіндеу қабілетін дамыту<br>**Көрнекілік материалдар:**тұзды түсті қамыр, су, щетка, стектер, қағаз және дымқыл майлықтар<br>**ҰІӘ барысы**<br>Тәрбиеші балаларға қонаққа Кірпінің келгенін хабарлайды.<br>- Балалар, кірпі балабақшаға келе жатып, бір зат тауып алыпты, тістеп көрсе дәмді екен. Сендерден көмек сұрай келіпті. Бұл не нәрсе?<br>- Жеуге бола ма, болмай ма? Не нәрсе екенін білу үшін, жұмбақтың шешімін табыңдар.<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>1. Көкпеңгек еді көктемде,<br>Қызарды күзге жеткенде.<br>Ол не? (Алма)<br>2. Бақтарда балбырап,<br>Тұрады албырап.<br>Уылжыған уыздай, | |

| | | |
|---|---|---|
| | суретін бейнелеу<br>-Балалар, олай болса мен сендерге «Ниткография» әдісі қандай әдіс екенін айтып берейін. «Ниткография» әдісі - «нитка» дегеніміз «жіп» «графо» дегеніміз «жазамын», сонда «жіппен жазамын» немесе «жіппен суре саламын» деген мағынаны білдіреді екен. Яғни жіптің көмегімен сурет салу Ниткографияның түпкі тамырларын ежелгі уақытта Мексика елінде өмір сүрген Уичоли Үнді халқынан шыққан болады. Олар иірілген жіптерден арнайы суреттер салған. (Суреттерді көрсету, оны қандай құрал-жабдықтармен салатынын айту).Балалармен жіп арқылы гүлдердің суретін бейнелеу.Балаларды мадақтау. Суреттерден көрме жасау.<br>Күтілетін нәтиже:Балаларды «Ниткография» техникасында сурет салудың дәстүрлі емес әдісімен таныстыру.Түсті қабылдауды дамыту. Саусақтар мен қолдардың ұсақ моторикасын жетілдіру.<br>Шыдамдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | Алма емес, ол бірақ.<br>Ол не? (Алмұрт)<br>- Бұларды бір сөзбен қалай айтады? Жемістер.<br>- Тағы қандай жемістерді білесіңдер? Өрік, жүзім, шие, алхоры, шабдалы.<br>Тақтада немесе интербелсенді тақтада жемістердің суреттерін көрсетеді<br>- Қазір күз кезі және барлығы қысқа арнап азық жинайды, сондықтан жемістерді көп әзірлейік. Педагог балаларға алма мен алмұртты мүсіндеуді ұсынады.<br>- Мүсіндеуден бұрын оларды мұқият қарайық, пішінін, түсін салыстырайық.<br>«Қайсы үлкендеу?» дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: зерттелуші заттың пішіні мен пропорциясына назар аудара отырып, сипаттамалық ерекшеліктерін байқауды және атауды үйрету.<br>Алма мен алмұрттың дөңгелек пішініне назар аудартып, оларды салыстыру барысында ұқсастықтары мен айырмашылықтарын атауды ұсынады. Балалар нақты сипап сезу үшін алма және алмұрттың нақпішіндері болуы керек.<br>Мүсіндеу тәсілін көрсету.<br>- Домалату амалы арқылы (алма мен алмұртқа арналған) екі шар тәріздес пішінді домалақтаймыз.<br>- Алмұрт пішінімен жұмыс істеу барысында созу амалын алмұрттың жоғары жағын жіңішкерту үшін пайдалану қажет. Яғни, шар тәріздес шыққан пішінді созу арқылы алмұрттың жоғарғы жағын жіңішкертеміз.<br>- Енді, алынған пішіндердің әрқайсысын алмаға немесе алмұртқа айналдыру керек. Алмұрт пен алманың ойықтарын саусақпан жаншимыз. Қоңыр түсті ермексаздан жемістердің жеміссағақшасын жасаймыз. Қамырды жалпайту, бас жағын жіңішкерту амалдарын пайдаланып жемістердің жапырақтарын жасаймыз.<br><br>Балаларға бір қалыпты, баяу әуенжазбасын қосып қою.<br>Балалар педагогтің нұсқаулығымен өздік іс-әрекетке көшеді. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Педагог балалардың өздік іс-әрекеттерінің барысында «жемістер», «алма», «алмұрт», «домалақтаймын», «созамын», «жіңішкертемін», «жаншимын» сияқты сөздерді айтқызып отыруы керек. Балалардың жұмыстарын мақтап, қолдап отыру керек. Мақтау, қолдау сөздерін естіген бала мүсіндеу жұмысына бар ынтасын салады және оқу қызметіне қызығушылығы артады. Бала мүсіндей алмай жатса, педагог көмек көрсетеді. Педагог балаларға мүсіндеуден кейін отырған жерін жинақтап, қолын майлықпен сүрту керектігін ескертеді.<br><br>Қорытынды<br>Бүгін нені жасадық? Алма мен алмұртты жасадық.<br>- Алма мен алмұрттың айырмашылығы қандай? Алма домалақ, алмұрт сопақша.<br>Жасалған алманы, алмұртты кірпіге беруді ұсынады. Кірпіге көмек көрсеткені үшін қуанады. Педагог балалардың назарын интербелсенді тақтаға аударады.<br>- Қараңдаршы, кірпі қуанып қалды. Сендерге алғысын білдіріп жатыр. |

Вариативті компонент бойынша тәрбиелеу және білім беру циклограммасы.

**Білім беру ұйымы:** «ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК.

**Бейнелеу өнері педагогі:** Бердаулетова Г.К

**Топ**: «Балдырған» ортаңғы тобы, «Айгөлек» ересек тобы, «Балапан» ересек тобы .

**Жоспардың құрылу кезеңі**: қыркүйек – 3 апта.

<table>
<tr><td rowspan="2">Күн тәртібі:</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td></tr>
<tr><td>Күні: 16.09.2025ж.<br><br>«Балдырған» отаңғы тобы<br>Уақыты: 16:05 - 16:20</td><td>Күні: 17.09.2025 ж.<br><br>«Балапан» ересек тобы<br>Уақыты: 15:50 - 16:10</td><td>Күні: 18.09.2025 ж.<br><br>«Айгөлек» ересек тобы<br>Уақыты: 15:50 - 16:10</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық:</td><td>Ұйымдастырылған іс-әрекетке көрнекіліктер, дидактикалық материалдар реттеу</td><td colspan="2">Ұйымдастырылған іс-әрекетке көрнекіліктер, дидактикалық материалдар реттеу</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекет:</td><td>Тақырыбы:«Табиғат бұрышындағы аквариум<br>Мақсаты: табиғат бұрышындағы аквариумдегі балықтарды әртүрлі бағытта дәстүрден тыс (саусақ пен алақанмен) әдісі арқылы бейнелеу жайлы ұғым беру. Көркем шығармашылық, және біліктілік қабілеттерін дамыту. Сурет салу кезінде бір біріне көмек көрсете білуге және досының еңбегін қадірлей білуге тәрбиеле<br>Көрнекілік материалдар.<br>түрлі-түсті бояулар, сүлгі, қылқалам, суреттер.<br>ҰІӘ барысы Бүгін біз ұйымдастырылған оқу қызметінен балықтар мен аквариумдағы балықтар жайлы білетін боламыз. Балаларға балықтардың суреттерін көрсетіп, балықтар мен аквариум жайында түсінік береді.<br>Аквариум –(лат. aquarium - суқойма)- су жануарларымен өсімдіктерін өсіруге және зерттеуге арналған шыны ыдыс. Аквариумдер балықтардың табиғи жағдайына сәйкес жабдықталуы тиіс. Онда</td><td colspan="2">Еркін тақырып<br>Мақсаты:техникамен таныстыруды жалғастыру мақта тампондарымен сурет салу<br>Көрнекілік материалдар.А4 қағазы, түрлі түсті гуашь, мақта тампондары, мақта тампондарымен боялған жұмыс үлгілері, қарапайым қарындаштар, қағаз майлықтар және дымқыл<br>ҰІӘ барысы<br>Қолдарымыз күн сәулесі деп елестетіп, бір–бірімізге тиіп, достарымызға жылулық сыйлайық.<br>Балалар, орындықтарға отырайық, өлең тыңдайық А.Кузнецова "Жыл мезгілдері".<br>Анасы қыздарының есімдерін ойлап тапты:<br>Міне – жаз және күз, қыс және көктем.<br>Көктем келеді – егістіктер жасылға айналады,<br>Барлық жерде құстардың дауысы шырылдайды.<br>Ал жаз келді – бәрі күн астында гүлдейді,<br>Ал піскен жидектер ауыздан сұралады.<br>Жомарт Күз бізге жемісін беруде –<br>Егістіктер мен бау-бақшалар өнім береді.</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | өсімдіктер де өсіріледі. Әдетте арнаулы құралмен аквариумге ауа да жіберіледі. Суы мезгіл - мезгіл ауыстырылып тұрады.<br>Балалар барлығымыз бірге табиғат жайында тақпақ айтайық.<br>Табиғат, сен тіршілік тұнып тұрған,<br>Сен күнсің, көтерілген күліп қырдан<br>Сен көлсің,<br>Сен ормансың,<br>Сен бұлбұлсын,<br>Адамға сұлулықты шын ұқтырған<br>Балалар бұл өлеңде табиғаттың сұлулығын, ондағы әрбір тіршіліктің барын жеткізген.<br>Балалар табиғат дегеніміз, бізді қоршаған орта.<br>Табиғат – тірі және өлі табиғат болып екіге бөлінеді. Соның ішінде өзен, көл, теңіздегі, аквариумдегі балықтарымыз да тірі табиғатқа жатады.<br>Балықтын – аузы бар да, тілі жоқ болады. Терісі бар да, Жүні жоқ екен. Қанаты бар, бірақ ол ұшпайды.<br>Балықтын түрлері өте көп. Жайын, сазан, шортан, ала бұға. | Қыс егістіктерді қармен жауып жатыр,<br>Қыста жер тынығып, ұйықтайды.<br>-Балалар айтыңдар, жылдың қай мезгілі?<br>-Ал күздің басы қай айда болады? (*қыркүйекте*)<br>Көзімізді жұмып, күзде табиғатпен не болғанын еске түсірейік? Не есіңде қалды? (*Ағаштардағы жапырақтар сары, қызыл, қызғылт сары. Олар жерге ұшады, күндер қысқарады, құстар оңтүстікке ұшады*)<br>Жұмбақ<br>Аспаннан мұңайып тамшылап тұр.<br>Барлық жерде ылғалды, барлық жерде ылғалды.<br>Одан құтылу оңай,<br>Тек қолшатыр алыңыз. (*Жаңбыр*)<br>Терезенің сыртында мұңайып қалды,<br>Біздің үйде жаңбыр жауады.<br>Үйлер құрғақ, ал сыртта<br>Барлық жерде пайда болды ... (*шалшықтар*)<br>Бұлттар қуып жетеді,<br>Айқайлайды, үрлейді.<br>Жарықта қарқылдайды,<br>Ән айтады, ысқырады. (*Жел*)<br>Аспанда кім жүзіп жүр<br>Қасқа дейін қара қалпақпен?<br>Аспанда суды кім көтереді?<br>Айтыңызшы, жақында! (*Бұлт.*)<br>Тәрбиеші: Күз, бұл жылдың әдемі және түрлі-түсті мезгілі. Жақында қыс келеді, қар жауып, барлық жапырақтарды жылтыр жамылғысымен жабады. Мен сізге күздің бір бөлігін сақтап, оны салуды ұсынғым келеді. Өтіңіз, үстелдерге отырыңыз. Бүгін біз күзгі ағаштарды сурет салу әдісімен саламыз (немесе **нүктелік сурет**), ал мақта бүршігі бұған көмектеседі. Сурет салу кезінде мақта тампонын қағаз парағының жазықтығына қатысты тігінен ұстап, соққы тәрізді қимылдар жасау керек.<br>Саусақ гимнастикасы<br>Саусақтар серуендеуге шықты, *(кесте бойынша*) |

| | | |
|---|---|---|
| | | Жапырақтарды жинай бастады (*жұдырықпен түйістіреміз*)<br>Қызыл жапырақ,<br>Сары жапырақ<br>Енді оларды қарастырайық (*қол шапалақтау*)<br>Неше жапырақ жиналды<br>1,2,3,4,5 (*саусақтар бүгілген*)<br>Сіз олармен ойнай аласыз. (*шамдар*)<br>Енді жұмысқа кірісіп, күзгі ағаштарды салайық.<br>Қорытынды:<br>Сонымен, балалар, біз бүгін сіздермен жылдың қай мезгілі туралы сөйлестік? Ағаштарды қандай әдіспен салдық? Ағаштардағы жапырақтарды және жапырақтардың түсуін немен бейнеледік? |

Вариативтік компонент бойынша тәрбиелеу және білім беру циклограммасы.

**Білім беру ұйымы:** «ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК.

**Бейнелеу өнері педагогі:** Бердаулетова Г.К

**Топ**: «Балдырған» ортаңғы тобы, «Айгөлек» ересек тобы, «Балапан» ересек тобы .

**Жоспардың құрылу кезеңі**: қыркүйек – 4 апта.

| **Күн тәртібі**: | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі |
|---|---|---|---|
| | Күні: 30.09.2025ж.<br>«Балдырған» отаңғы тобы<br>Уақыты: 16:05 - 16:20 | Күні: 01.10.2025 ж.<br>«Балапан» ересек тобы<br>Уақыты: 15:50 - 16:10 | Күні: 02.10.2025 ж. «Айгөлек» ересек тобы<br>Уақыты: 15:50 - 16:10 |
| **Ұйымдасты-рылған іс-әрекетке дайындық:** | Ұйымдастырылған іс-әрекетке көрнекілік материалдар реттеу | Ұйымдастырылған іс-әрекетке көрнекілік материалдар реттеу | |
| **Ұйымдасты-рылған іс-әрекет:** | **Тақырыбы:«Астық жинау»**<br>**Мақсаты:** балаларға дәнді-дақылдарды қолдана отырып бидай масақтарын салуды үйрету; өз ойларынан және тәрбиеші әңгімесіне сәйкес белгілін мазмұн бере отырып ұқыпты жұмыс жасауға дағдыландыру; шығармашылықпен сурет сала білуге баулу; астықты, дәнді дақылдарды құрметтей білуге тәрбиелеу.<br>**Көрнекілік материалдар:** түрлі-түсті бояулар, қылқалам, су ыдыс, сүрткіш, сүлгі, масақ.<br>**ҰІӘ барысы**<br>Сәлем досым!<br>Сәлем сұлу көзім!<br>Бәрін көріп білемін сенімен.<br>Сәлем еңбек етер қос қолым!<br>-Балалар нан туралы, бидай туралы ертегілер білесіңдер ме?<br>Бала: Нанды ұннан жасайды.<br>- Мен сендерге «Нан қайдан келеді?» ертегісің оқып | **Тақырыбы:**"Әдемі букет"<br>**Мақсаты:**Балаларды көбік губкамен сурет салу әдісімен таныстыруды жалғастырыңыз. Балалардың бейнелеу іс-әрекетіне деген қызығушылығын қалыптастыру, шығармашылық қиялын дамыту.<br>**Көрнекілік материалдар:**Табақ, көбік бөліктері, кез келген түсті және өлшемдегі қалың қағаз, қағаз және дымқыл майлықтар.<br>**ҰІӘ барысы**<br>Гүлдей жайнап өсейік,<br>Әсем сурет салайық.<br>Түрлі түсті бояумен,<br>Букет жасап көрейік!<br>Балалармен гүлдер туралы қысқаша әңгімелесу.<br>-Балалар, гүлдер қандай болады?<br>-Гүлдерді кімдерге сыйлайды?<br>-Сендер гүл шоғын ұнатасыңдар ма?<br>Тәрбиеші көбік губканы бояуға батырып, қағаз бетіне басу | |

| | | |
|---|---|---|
| | берейін.<br>-Нан қайдан келеді екен?<br>Бала: Ұннан жасайды нанды. -<br>Бидайды қайда апару керек, ұн жасау үшін?<br>Бала: - Ұнды жинап диірменге апарады және сол жерде ұн жасады.<br>- Бидай қайда өседі?<br>Бала: Бидай егісте өседі.<br>Қызықтыру сәті:<br>Мен сендерге бидай масағын әкелдім. -<br>Бидай масағы қандай болады екен?<br>Бала: Бидай масағы ұзын, кішкентай дәндері бар.<br>Бидай масағы қандай түсті?<br>Бала: Бидай масағы сары түсті.<br><br>- Сурет салу әдіс-тәсілі: жогарыдан төмен қарай ұзын бидай масағының сабағын сызып аламыз, одан кейін сабақтың жоғарғы бөлігіне күрішті жабыстырып, бидай дәнін жасаймыз, содан соң үстін сары түсті бояумен бояй…<br><br>«Сәбіз салаты» саусақ ойыны Сәбізді алып тазалаймыз (оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды) Үккішпен үгіп майдалаймыз (екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды) Қанттан сеуіп дәмдейміз (саусақтардың ұшымен қант себеді)Міне дайын нәр тағам (екі қолын алдына жайып көрсетеді).Дәруменге байыған (алақанымен іштерін сипалап, тойғандықтарын көрсетеді). Қорытынды<br>-Балалар ненің суретін салдық?<br>Бала: Бидай масағының суретін салдық.<br>Суретті қалай салдыңдар?<br>Бала: Бидай күріштен жабыстырып, сары түске боядық.<br>«Нан болса, әнде болады» деген мақал бар. Сондай ақ | арқылы гүл күлтелерін салу тәсілін көрсетеді. Сабағын, жапырағын қылқаламмен толықтырады.<br>Саусақ жаттығуы:<br>Гүлдер, гүлдер көп гүлдер,<br>Қызыл гүлдер, көк гүлдер.<br>Жайнап өсіп далада,<br>Көз тартады аулада.<br>Балалардың өздік жұмысы Балалар көбік губканы пайдаланып гүлдердің суретін салады. Тәрбиеші жеке көмек көрсетіп, бағыт береді.<br>Сергіту сәті<br>Жел соқты гүлдер тербелді,<br>Көбелектер айналды.<br>Біз де бірге билейік,<br>Көңіліміз жайланды.<br>Қорытынды Балалардың жұмыстарын мадақтау, көрме ұйымдастыру.<br>Бүгін біз ненің суретін салдық?<br>Қандай әдісті қолдандық?<br>Сендерге ұнады ма?<br>Күтілетін нәтиже: Біледі: гүлдердің бейнесін салуды; Игереді: көбік губкамен сурет салу тәсілін; Меңгереді: түстерді үйлестіріп, әдемі букет құрастыруды. |

| | | |
|---|---|---|
| | нан кеп болса қарнымыз тоқ болады. | |

Вариативтік компонент бойынша тәрбиелеу және білім беру циклограммасы.

**Білім беру ұйымы:** «ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК.

**Бейнелеу өнері педагогі:** Бердаулетова Г.К

**Топ**: «Балдырған» ортаңғы тобы, «Айгөлек» ересек тобы, «Балапан» ересек тобы .

**Жоспардың құрылу кезеңі**: қазан – 1 апта.

| **Күн тәртібі**: | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі |
|---|---|---|---|
| | Күні: 07.10.2025ж.<br><br>«Балдырған» отаңғы тобы<br>Уақыты: 16:05 - 16:20 | Күні: 08.10.2025 ж.<br><br>«Балапан» ересек тобы<br>Уақыты: 15:50 - 16:10 | Күні: 09.10.2025 ж.<br><br>«Айгөлек» ересек тобы<br>Уақыты: 15:50 - 16:10 |
| **Ұйымдасты-рылған іс-әрекетке дайындық:** | Ұйымдастырылған іс-әрекетке көрнекілік материалдар реттеу | Ұйымдастырылған іс-әрекетке көрнекілік материалдар реттеу | |
| **Ұйымдасты-рылған іс-әрекет:** | **Тақырыбы:«Күзгі табиғат көрінісі»**<br>**Мақсаты:** балаларға күз туралы түсініктерін толықтыру; күз мезгілінің табиғи ерекшеліктерін дәстүрден тыс құралдарды пайдалана отырып, қағаз бетіне түрлі-түсті жіптермен өз ойларын жеткізе білуге талпындыру, сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорын молайту, арнайы құралдармен жұмыс істеу дағдысын жетілдіру. Еңбекке деген ынтасын арттыру, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br><br>**Көрнекілік материалдар:** Слайд, емен және аққайың ағаштары, жапырақтардың суреттері. Салафан қалтасы, қылқалам, таяқша, губка. Түрлі – түсті жіптер, желім, қайшы.<br>**ҰІӘ барысы**<br>Кел, балалар, күлейік! | **Тақырыбы:**"Менің сүйікті ойыншықтарым"<br>**Мақсаты:** Екі түрлі техниканы біріктіріп жаттығу, композиция сезімін дамыту.Тығынмен таңба басу,саусақпен сурет салу<br>**Көрнекілік материалдар:**А4 форматындағы қағаз парақтары. гуашь, әртүрлі пішіндегі мөрлер, тығын, қарапайым пішінді ойыншықтар, мысалы, тоқыма, тышқан, шарлар, щеткалар, иллюстрациялар, қағаз және дымқыл майлықтар<br>**ҰІӘ барысы**<br>Ойыншықтар күлімдеп,<br>Бізді бүгін күтеді.<br>Әдемілеп боясақ,<br>Қуанып бір кетеді.<br>Балалармен ойыншықтар туралы әңгімелесу.<br>-Сендердің сүйікті ойыншықтарың қандай?<br>-Ойыншықтармен қалай ойнаймыз?<br>-Ойыншықтарды күтіп ұстау керек пе?<br>Тәрбиеші балаларға екі түрлі әдісті көрсетеді: Тығынмен таңба | |

| | | |
|---|---|---|
| | Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек?<br>Көнілді боп жүрейік.<br>Жұмбак<br>Өрік, алма,<br>Қауын, қарбыз,<br>Жидек, жүзім піседі.<br>Қияр, сәбіз дүкендерге түседі.<br>Астық пісіп, орак түсіп,<br>Қырман дәнге толады.<br>Бөбектерім айтыңдаршы<br>Бұл кай кезде болады?<br>Бала: Күз мезгілінде.<br><br>Әңгімелесу: Күз мезгілінің түстерін атап беріңдерші. Неге кызыл, сары, жасыл, коныр түстерді күз мезгілінің түстері дейміз?<br><br>Дұрыс, күзгі жапырақтар сары, қызыл, жасыл түсті, ал жер қоңыр түсті болады.<br>Слайд карау: «Күз мезгілінің айлары»<br><br>Күзгі табиғат көрінісін топпен бірге саламыз.<br>1. «Аққайың» тобына салафан қалтасы, қылқалам, таяқша, губка.<br>2. «Емен» тобына Түрлі – түсті жіптер, желім, қайшы.<br>Қорытынды:Балалар біз бүгін қай жыл мезгілінің суретін салдық?- Канлай тусті бояуларлы колдандық? | басу тәсілі Тығынды бояуға батырып, қағаз бетіне басу арқылы ойыншықтың бөліктерін бейнелеу.<br>Саусақпен сурет салу тәсілі Саусақ арқылы ұсақ бөліктерін, өрнектерін, әшекейлерін салу. Тәрбиеші ойыншықтардың орналасуына назар аудартып, композицияны әдемі құру жолдарын түсіндіреді.<br>Саусақ жаттығуы<br>Бір, екі, үш, төрт, бес,<br>Ойыншықты жина тез<br>Қонжығым мен добым бар,<br>Ойнаймыз біз шаттанып.<br>Балалардың өздік жұмысы Балалар өздерінің сүйікті ойыншықтарын екі техниканы қолданып бейнелейді. Тәрбиеші балаларға жеке көмек көрсетіп, жұмыстарын мадақтайды.<br><br>Сергіту сәті<br>Добым менің домалайды,<br>Қонжығым билеп алады.<br>Көлігім зулап жөнеліп,<br>Көңілімді ашады.<br>Қорытынды<br>Балалардың жұмыстарынан көрме ұйымдастыру.<br>Сұрақ-жауап:<br>Бүгін қандай ойыншықтардың суретін салдық?<br>-Қандай тәсілдерді қолдандық?<br>- Саған қай әдіс көбірек ұнады? Балаларды мадақтау.<br>Күтілетін нәтиже Біледі: Ойыншықтардың пішінін, түсін ажырата біледі. Игереді: Тығынмен таңба басу және саусақпен сурет салу техникасын қолдануды. Меңгереді: Композицияны дұрыс орналастырып, шығармашылықпен жұмыс жасауды. |

Вариативтік компонент бойынша тәрбиелеу және білім беру циклограммасы.

**Білім беру ұйымы:** «ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК.
**Бейнелеу өнері педагогі:** Бердаулетова Г.К
**Топ**: «Балдырған» ортаңғы тобы,  «Айгөлек» ересек тобы, «Балапан» ересек тобы .
***Жоспардың құрылу кезеңі***: қазан – 2 апта.

| **Күн тәртібі**: | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі |
|---|---|---|---|
| | Күні: 14.10.2025ж.<br><br>«Балдырған» отаңғы тобы<br>Уақыты: 16:05 - 16:20 | Күні:  15.10.2025 ж.<br><br>«Балапан» ересек  тобы<br>Уақыты: 15:50 - 16:10 | Күні: 16.10.2025 ж.<br><br>«Айгөлек» ересек  тобы<br>Уақыты: 15:50 - 16:10 |
| **Ұйымдаст ы-рылған іс-әрекетке дайындық :** | Ұйымдастырылған іс-әрекетке көрнекілік материалдар реттеу | Ұйымдастырылған іс-әрекетке көрнекілік материалдар реттеу | |
| **Ұйымдаст ы-рылған іс-әрекет:** | **Тақырыбы:«Түрлі - түсті шарлар»**<br>**Мақсаты:** балаларға сурет салуды үйрету; пішіндерді атап, ажырата білуге, есте сақтау қабілетін дамытып, түстерді атай білуге үйрету; дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерін қолданып шардың сұлбасын салуды жаттықтыру; достыққа, әдемілікке, әдептілікке тәрбиелеу.<br>**Көрнекілік материалдар:** шар, таяқша, қағаз, бояулар.<br>**ҰІӘ барысы:**<br>Өзім жақсы баламын,<br>Ана тілін аламын.<br>Мейлі қайда жұмсасын,<br>Бәріне барамын.<br>Қызықтыру сәті:<br>(Сайқымазақ балаларға қонаққа келді)<br>Сайқымазақ: Салеметсіңдер ме, балалар!<br>Бала: Сәлеметсізбе, Сайқымазақ! | **Тақырыбы :**«Теңіз»<br>**Мақсаты:** Акварель техникасы мен балауыз қарындаштарын біріктіруді үйрету. Балаларды шығармашылықтан қуаныш алуға үйрету<br>**Көрнекілік материалдар:**Балауыз қарындаштар, қалың ақ қағаз, акварель, щеткалар, қағаз майлықтар және дымқыл<br><br>**ҰІӘ барысы:**<br>Көк теңіздей толқимыз,<br>Шат көңілмен ойнаймыз.<br>Әдемі сурет салуға,<br>Бүгін бірге дайынбыз!<br>Балалармен теңіз туралы әңгімелесу.<br>— Теңізде нелер болады?<br>— Теңіздің түсі қандай?<br>— Теңізде қандай жануарлар тіршілік етеді? | |

| | | |
|---|---|---|
| | Сайқымазақ: Мен сендерге сиқыршылар елінен келдім. Өзіммен бірге сандықты алып келдім, бірақ сандық жабық тұр, маған ашуға көмектесіңдерші. Жұмбақтың жауабын тапсаңдар сандық ашылады.<br>Жұмбақ.<br>Ұшамын тауда қалықтап<br>Қолың жетсе алып бак.<br>Қызыл-жасыл түсім бар.<br>Соңымнан кәне, ұшыңдар. (шар)<br><br>(Сандықтың ішінен түрлі түсті шарлар ұшып шығады)<br>- Балалар, бұл шарлар екен.<br>Шарлардың түстері қандай?<br>Бала: Қызыл, жасыл, сары, көк шарлар.<br>Сайқымазақ: - Балалар, мынау шар. Шар резеңкедан жасалады.Шарлар үрленеді, созылады, жыртылады, шардың іші толған ауа, суға салсан батпайды, себебі шар жеңіл болады, шарды қатты қыссан қысыммен жарылады.<br>Мен сендермен бірге ойын ойнағым келеді<br>Дидактикалық ойын: «Кім тез шар үрлейді?»<br>Ойын шарты: өздеріңе ұнайтың шарды алып, үрлейік.<br>Сайқымазақ: Дариға, сен қандай түсті шарды үрледің?<br>Бала: - Сары түсті шар үрледім, оның пішіні сопақша болды..<br>Сурет салу әдіс-тәсілі: шарды шағын пішінді етіп үріп алып, бояуға батырып алып қағаз бетіне таңба басып саламыз.<br>Сайқымазақ: Сурет салмас бұрын саусақтарымызды дайындап алайық.<br>Саусақ жаттығуы: «Достық»<br>Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос (қолдың саусақтары өзара бірігеді)<br>Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз (екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу)<br>Бір, екі, үш, торт, бес (шынашақтан бастап, | Тәрбиеші балаларға сурет салудың жаңа тәсілін түсіндіреді. Алдымен балауыз қарындашпен теңіз толқындарын, балықтарды, күнді немесе кемені салады. Кейін суреттің үстінен акварель бояуымен бояйды. Балауызбен салынған сурет бояуды өткізбей, анық көрінетіні түсіндіріледі. Тәрбиеші жұмысты кезең-кезеңімен көрсетеді.<br>Саусақ жаттығуы<br>Толқын келді жағаға,<br>Қайта кетті теңізге<br>Балықтар да жүзеді,<br>Шаттық сыйлап бәрімізге.<br>Балалардың өздік жұмысы Балалар «Теңіз» тақырыбында өз қиялдарымен сурет салады. Тәрбиеші балаларға бағыт-бағдар беріп, жеке көмек көрсетеді.<br>Сергіту сәті<br>Толқын болып шайқаламыз,<br>Балық болып жүземіз.<br>Күнге қарап күлімдеп,<br>Көңілденіп жүреміз.<br>Қорытынды<br>Балалардың жұмыстарынан көрме ұйымдастыру.<br>Сұрақтар: — Бүгін қандай тақырыпта сурет салдық?<br>— Қандай материалдарды қолдандық?<br>— Саған сурет салудың қай бөлігі ұнады?<br>Балалардың жұмыстарын мадақтау.<br>Күтілетін нәтиже Біледі: Теңіз туралы қарапайым түсініктерді.<br>Игереді: Балауыз қарындаш пен акварельді біріктіріп қолдану тәсілін. Меңгереді: Түстерді үйлестіріп, шығармашылықпен |

| | | |
|---|---|---|
| | саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу)<br>Қайтадан санауды бастайық<br>Қорытынды:<br>Сайқымазақ: Маған сендердің жұмыстарын ұнады, рахмет сендерге! Балалар бізде қызықты шарлар пайды болды. Мадақтау. | сурет салуды. |

Вариативтік компонент бойынша тәрбиелеу және білім беру циклограммасы.

**Білім беру ұйымы:** «ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК.
**Бейнелеу өнері педагогі:** Бердаулетова Г.К
**Топ**: «Балдырған» ортаңғы тобы, «Айгөлек» ересек тобы, «Балапан» ересек тобы .
**Жоспардың құрылу кезеңі**: қазан – 3 апта.

| **Күн тәртібі**: | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі |
|---|---|---|---|
| | Күні: 21.10.2025ж.<br><br>«Балдырған» отаңғы тобы<br>Уақыты: 16:05 - 16:20 | Күні: 22.10.2025 ж.<br><br>«Балапан» ересек тобы<br>Уақыты: 15:50 - 16:10 | Күні: 23.10.2025 ж.<br><br>«Айгөлек» ересек тобы<br>Уақыты: 15:50 - 16:10 |
| **Ұйымдасты-рылған іс-әрекетке дайындық:** | Ұйымдастырылған іс-әрекетке көрнекілік материалдар реттеу | Ұйымдастырылған іс-әрекетке көрнекілік материалдар реттеу | |
| **Ұйымдасты-рылған іс-әрекет:** | **Тақырыбы: «Жаңбырлы күн»**<br>**Мақсаты:** балаларға сурет салудың дәстүрден тыс әдісі, яғни жаңбырлы тамшыларын қағаз бетіндегі жазықтықты дұрыс пайдалана отырып,паралонның губканың көмегімен сурет салуды түсіндіру; бейнелеген заттарын музыка әуенімен қимыл – қозғалыста үйлестіре білуге бағыттау. Ептілік пен жинақтылыққа тәрбиелеу.<br>**Көрнекілік материалдар:** көгілдір түсті бояу, ақ қағаз, құм, паралон гупкалары , сүрткіш.<br>**ҰІӘ барысы:**<br>Армысың, асыл Күн!<br>Армысың, асыл Жер!<br>Армыслың, көк аспан!<br>Армысың, жан досым!<br>Жылуыма жыу қос, Міне, менің қолым!<br><br>Балалар, біз бүгін қызықты сурет саламыз. | **Тақырыбы: «**Күзгі жапырақ кілемі**»**<br>**Мақсаты:**Жапырақтарды басып шығару техникасымен таныстыру. Басып шығару кезінде бояуларды тікелей жапырақтарға немесе тампонға араластыруды үйрету<br>**Көрнекілік материалдар:**Ақ түсті А3 парақтары, құлаған жапырақтар, гуашь, щеткалар, көбік тампондары, қағаз және дымқыл майлықтар<br><br>**ҰІӘ барысы:**<br>Алтын күз келіп жетті,<br>Жапырақ жерге төкті.<br>Түрлі түске боялып,<br>Табиғат қандай көрікті!<br>Балалармен күз мезгілі туралы әңгімелесу.<br>— Күзде табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>— Жапырақтардың түсі қандай болады?<br>— Жапырақтар неге жерге түседі? | |

| | | |
|---|---|---|
| | Жұмбақ:<br>Тырс-тырс тамады, Тереземді қағады.<br>Ол не? (Жаңбыр)<br><br>- Бүгін күн қандай?<br>Бала: Күн суық болып тұр.<br>- Бұлтты ма?<br>Бала: Аспан бұлтты болып, жаңбыр жауғалы<br>-Тақтадағы суретті қараңдаршы, бұл не?<br>Бала: Күз мезгілі, жаңбыр жауып тұр.<br>-Жаңбыр тамшыларының түсі қандай?<br>Бала: Жаңбыр тамшылары көк түсті<br>Дидактикалық ойын: «Табиғаттағы дыбыстар» Ойын шарты: балалар, табиғи дыбыстарды атап беру керек. (қардың сықырын, жаңбыр тамшысың, жел дауылының)<br><br>Сергіту сәті:<br>Жауын-жауын жауады,<br>Бәрін суға малады.<br>Біз қарындаш аламыз.<br>Тамшыларды саламыз.<br>Сурет салу әдіс-тәсілі: Бірінші ПВА желімімен қағаз бетіне сурет салып аламыз (жердегі шалшық суды, жоғарғы жағына бұлттарды,), содан соң құмды үстіне себеміз, артық құмды қағазды түсіріп тастаймыз, ал жаңбыр тамшыларын тіс щеткасын бояуға батырып алып, тарақпен себелеп шашып саламыз.<br>Саусақ жаттығулары:<br>«Добым-добым домалақ»<br>Добым-добым домалак,<br>Тоқтамайсың домалап.<br>Үстел үстін бүлдірдің, (Саусақтарды ұштастыра отырып, доп кейпінжасау)<br>Тарелкені сындырдың.(мазмұнына карай кимылдар жасау) | Тәрбиеші жапырақпен сурет салу тәсілін көрсетеді. Жапырақтың тегіс емес бетіне қылқалам немесе көбік тампон арқылы бояу жағылады. Боялған жапырақты қағаз бетіне қойып, алақанмен жайлап басады. Жапырақты абайлап көтергенде оның ізі қағазда қалады. Түрлі түсті жапырақтарды пайдаланып «күзгі кілем» құрастырады. Тәрбиеші түстерді араластыру және үйлестіру жолдарын түсіндіреді.<br><br>Саусақ жаттығуы<br>Жапырақтар ұшады,<br>Желмен бірге көшеді.<br>Сары, қызыл, алтындай,<br>Күз көркіне сән береді.<br><br>Балалардың өздік жұмысы Балалар жапырақтарды бояп, қағаз бетіне басу арқылы күзгі композиция жасайды. Тәрбиеші балалардың жұмысына көмектесіп, бағыт береді.<br><br>Сергіту сәті<br>Жел соғады гуілдеп,<br>Жапырақтар үйіріледі.<br>Біз де бірге айналып,<br>Көңілді би билейміз.<br><br>Қорытынды<br>Балалардың жұмыстарынан көрме ұйымдастыру.<br>Сұрақтар:<br>— Бүгін қандай әдіспен сурет салдық?<br>— Жапырақтардың түсі қандай болды?<br>— Саған қай түс көбірек ұнады? Балаларды мадақтау.<br>Күтілетін нәтиже Біледі: Күз мезгілінің ерекшеліктерін. Игереді: Жапырақпен басып шығару техникасын қолдануды. Меңгереді: Түстерді үйлестіріп, композиция құрастыруды. |

| | | |
|---|---|---|
| | Тентек болып кеттің, деп,<br>Тұрмын сені тепкім кеп.<br>Жеке жұмыс және кейбір балаларға көмек көрсету.<br>Қорытынды :<br>- Қандай түсті бояуды қолдандық?<br>Бала: Жерге құмды сеуіп жасадық.<br>Аспандағы бұлтқа себілген құмды көк түске боядык.<br>Жанбыр тамшыларын қалай салдық?<br>Бала: Бояуды тарақпен шашып жасадық. | |

Вариативтік компонент бойынша тәрбиелеу және білім беру циклограммасы.

**Білім беру ұйымы:** «ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК.
**Бейнелеу өнері педагогі:** Бердаулетова Г.К
**Топ**: «Балдырған» ортаңғы тобы, «Айгөлек» ересек тобы, «Балапан» ересек тобы .
***Жоспардың құрылу кезеңі***: қазан 4 – апта.

| **Күн тәртібі**: | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі |
|---|---|---|---|
| | Күні: 28.10.2025ж.<br><br>«Балдырған» отаңғы тобы<br>Уақыты: 16:05 - 16:20 | Күні: 29.10.2025 ж.<br><br>«Балапан» ересек тобы<br>Уақыты: 15:50 - 16:10 | Күні: 30.10.2025 ж.<br><br>«Айгөлек» ересек тобы<br>Уақыты: 15:50 - 16:10 |
| **Ұйымдаст ы-рылған іс-әрекетке дайындық :** | Ұйымдастырылған іс-әрекетке көрнекілік материалдар реттеу | Ұйымдастырылған іс-әрекетке көрнекілік материалдар реттеу | |
| **Ұйымдаст ы-рылған іс-әрекет:** | **Тақырыбы: «Ойын алаңындағы терек ағашы»**<br>**Мақсаты:** Ермексазды пайдаланып, күз келбетінен алған әсерлерінің бояуларын үйлесімді жеткізуге үйрету. Табиғатты танып, оны қағаз бетінде бейнелеуге деген талаптарын дамыту және қорғай білуге тәрбиелеу. **Көрнекілік материалдар:** терек ағашының суреті, экран, ермексаз<br>**ҰІӘ барысы:**<br>Ортақ мекен жер шары,<br>Төбемізде бір аспан<br>Барлық ұлттың баласы<br>Достығымыз жараскан<br>-Балалар, біздің балабақша ауласында қандай ағаштар өсіп тұр?<br>Бала: -Аққайың, емен, қара ағаш.(Ағаштың аянышты дыбысы естіледі)<br>Терек: -Мені ұмыттыңдар атауға. | **Тақырыбы: «**Дизайн бойынша»<br>**Мақсаты:**<br>**Көрнекілік материалдар:** Қалдық заттар<br><br>**ҰІӘ барысы:**<br><br>— Балалар, бүгін біз ерекше дизайнер боламыз. Қалдық заттардан әдемі бұйымдар жасап үйренеміз.<br><br>Қызығушылықты ояту: Қалдық заттардың суреттерін көрсету. Сұрақ-жауап:<br><br>— Қалдық заттар дегеніміз не?<br><br>— Оларды қалай пайдалануға болады?<br><br>— Табиғатты таза ұстау үшін не істеу керек?<br><br>Тәрбиеші үлгі жұмысты көрсетіп, жасалу жолын түсіндіреді. Балалар пластик қақпақтардан гүл, картоннан үйшік, мата қалдықтарынан сәндік бұйымдар құрастырады. Жұмыс барысында | |

| | | |
|---|---|---|
| | Бала: -Білмейміз. Терек (дауысы):<br><br>Жұмбақ<br>Діңі жұмсақ болса да,<br>Тіптік шырқап өседі.<br>Осы ағашпен ауланы<br>Көгалдандырар көшені (терек)<br>-Бұл қандай ағаш?<br>Бала: Терек ағашы.<br>Экранға терек ағашының бейнесі шығады<br>Тәрбиеші:- Терек ағашы, кешіріңіз, біз сізді атауға ұмытып кеттіппіз.<br>«Терек» ағашының діңгегі, бұтағы, сабағы, жапырағы болады.Көктемде ағаштар бүршік жарады, бүршіктен жапырақтар пайда болады. Жапырағы жұмыртка пішіндес, жиектері ара тісті келеді. Терек діні жұмсақ болса да, тіп-тік болып шырқап тез өседі. Тамыр қатты, ағашты ұстап тұрады және оған нәр береді. Ағаш тамыры арқылы су ішеді. Ал ағашқа жапырақтың не кажеті бар? (Сол арқылы тыныс алады). Ал біз қалай тыныстаймыз?<br>Балаларға түсіндіру. ағаш өседі, тыныс алады, қоректенеді. Яғни ағаш тірі нысан. Әр ағаштың өзінің аты болады. Ағаш-бұл өсімдік. Ағаштардың көп болғаны жақсы ауаны тазартады.<br>Сергіту сәті.<br>Теректер биік өседі,<br>Алатындай ай ұстап.<br>Діндері жұмсақ біракта,<br>Жел тұрганда майысқақ.<br>Терек: - Менің суретімді салып беріңдерші.<br>Сурет салу әдіс-тәсілі: Пластилинография әдісін қолдану арқылы теректің бейнесін жасаймыз.Діңді жасау үшін ұзын пішінді басу, бұтақтарын дөңгелектеп жасау, жапырақтарды әр түрлі түстермен бейнелеу.Пластилинге түрлі текстуралар беру: | қауіпсіздік ережелері ескертіледі.<br><br>Сергіту сәті:<br>Қимылды жаттығу жасау.<br><br>Қорытынды:<br>Балалардың жұмыстарын көрмеге қою. Жасалған бұйымдарды мадақтау.<br><br>— Бүгін біз ненің көмегімен бұйым жасадық?<br>— Сендерге қандай жұмыс ұнады?<br>Күтілетін нәтиже: Қалдық заттардан түрлі дизайн жұмыстарын жасай алады, шығармашылықпен ойлап, өз идеясын ұсына біледі. |

| | | |
|---|---|---|
| | жапырақтың бетіне штамптау (мысалы, қолдарды пайдалану) арқылы текстура беруге көмектесу.<br>«Санамақ» ойыны<br>Мақсаты: кіші саусақ моториканы және сөйлеу ырғағын дамыту.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес,<br>Анаммен сурет саламын, (алақанды жұмып ашады)<br>Міне басы, міне іші. (қолды шеңбер жасап айналдырады)<br>Аяқтары, қолдары, көздері (қолымен кішкентай және үлкен шеңбер салу)<br>Аузы, сақинадан жасалған (ауада сақинаны салу)<br>Әдемі шашы да бар. (қолдарын екі жакка ашады)<br>Жеке жұмыс.<br>Қорытынды: (балалар суреттерінен көрме жасайды.) | |

Вариативтік компонент бойынша тәрбиелеу және білім беру циклограммасы.

**Білім беру ұйымы:** «ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК.

**Бейнелеу өнері педагогі:** Бердаулетова Г.К

**Топ**: «Балдырған» ортаңғы тобы, «Айгөлек» ересек тобы, «Балапан» ересек тобы .

**Жоспардың құрылу кезеңі**: қараша 1 – апта.

| **Күн тәртібі**: | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі |
|---|---|---|---|
| | Күні: 04.11.2025ж.<br>«Балдырған» отаңғы тобы<br>Уақыты: 16:05 - 16:20 | Күні: 05.11.2025 ж.<br>«Балапан» ересек тобы<br>Уақыты: 15:50 - 16:10 | Күні: 06.11.2025 ж.<br>«Айгөлек» ересек тобы<br>Уақыты: 15:50 - 16:10 |
| **Ұйымдасты-рылған іс-әрекетке дайындық:** | Ұйымдастырылған іс-әрекетке көрнекілік материалдар реттеу | Ұйымдастырылған іс-әрекетке көрнекілік материалдар реттеу | |
| **Ұйымдасты-рылған іс-әрекет:** | **Тақырыбы: «Мейірімді Анаға көмек»**<br>**Мақсаты:** балалардың білім, білік, дағдыларын қорытындылау, меңгерген білімдерінің деңгейін бақылай отырып, табиғат, өсімдіктер, жәндіктер туралы пысықтау; ойлау қабілеттері молайту. дәстүрден тыс сурет салу әдістерін қолданып балалар бір – біріне жақсы, жағымды көңіл - күй сыйлай білуге, адамгершілікке тәрбиелеу.<br>**Көрнекілік материалдар:** түрлі-түсті бояулар, қылқалам, су ыдыс, сүрткіш, сүлгі, масақ.<br>**ҰІӘ барысы:**<br>«Көңілді сәлемдесу»<br>-Балалар, бәріміз бір-бірімізбен мұрынымызды, бетімізді, саусағымызды, алақанды тигізу арқылы амандасайык.<br>-Бүгін мен келе жатқанда радиодан бір әнгіме естідім. Сендерде бірге тыңдап, қарап көріңдер. «Мейірімді ана» анызды эңгімлеп береді. «Өте алыс планетада, Сүйіспеншілік, Мейірімділікпен | **Тақырыбы:** «Қар жауады»<br>**Мақсаты:**Монотопия техникасында жапырақсыз ағаш салуды үйрену.<br>**Көрнекілік материалдар:**А4 парағы,қою көк, қою сұр, күлгін, қара және ақ гуашь, қағаз және дымқыл майлықтар<br>**ҰІӘ барысы:**<br>**Д. Ахметова «Қыс келді».**<br>Қыс келді қалың орманға,<br>Суық ызғары сезіліп ауада,<br>Қар жаудырып, орап боранға,<br>Ақ тонын кигізді жасыл шыршаға.<br>**Сурет салу амалдарын көрсету.**<br>Сурет салу үшін қылқалам, ақ гуашь, жасыл бор қолданылады. Балаларға көк бояуға боялған қағаз беті көрсетіледі. Қағазды балалардың алдына көлденеңінен жатқызып қою керек. Педагог:<br>– Балалар, қағазды көлденең жатқызып қоямын. Қолыма жасыл түсті борды аламын. Қағаздың ортасына тігінен тұрған түзу таяқша | |

| | | |
|---|---|---|
| | Мақсатыма жеткізер<br>Уақытыма сенемін!<br>Қызықтыру сәті: Қане, келген конағымызбен танысайық. Экранда көрсетілген құстың суреттеріне назар аударыңдар.<br>Тәрбиеші: Мынау қандай құс?<br>Бала: Бұл карлыгаш.<br>Тәрбиеші: Қарлығаш қандай құс?<br><br>Қарлығаш құсы: Салеметсіңдер ме, балалар! Мен сендерге құстар әлемінен келдім. Өз достарымның шыркаган әндерінің таспасың әкелдім, тыңдап көресіңдер ме?<br>Бала: Құстардың әнін тыңдаймыз.<br>Қарлығаш құсы: Қандай құстарды білесіңдер?<br>Бала: Қарга, торгай, көгершін, көкек.<br>Қарлығаш құс: Дұрыс, олардың дауыстары да әр түрлі болады. Ойын ойнап тыңдап, тауып көрейік.<br>Ойын: «Құстардың әні»<br>Ойын шарты: дауыстарына карай құстарды атап беру керек.<br>«Ку-ку-ку» қандай құстың дауысы? (кокек)<br>«тугу-гу кандай құстың дауысы? (көгершін)<br>«Каркарка» кандай құстын дауысы? (карга)<br>«Ку-ку-ку» қандай құстың дауысы? (кокек)<br>Қарлығаш құсы: Жарайсыңдар, балалар! Ал енді серігіп алайық.<br>Сергіту сәті:<br>Бір, екі, үш,<br>Қанат қағып ұш,<br>Болады сонда сенде күш! | өздерінің ойларын накты жете алды. Ағаштан жасалған немесе шыны әйнектен жасалған құмыра болады. Оларға гүлдерді салу үшін қолданады. Құмыраларға әр түрл гүлдерді салуға болатындарын айтты.<br>Құмыраны неден жасайды? Құмыраны ағаштан, сазбалшықтан жасайды. сазбалшықтан жасай<br>Балаларға құмыраны қолдарына ұстатып көрсету. Оның неден жасалғандары жайлы сұрау.<br>Құмыраның суреттерін көрсетіп, қандай пішінде деп сұрау.<br>Сурет бойынша әңгімелесу.<br>Әдемі құмыралардың түрлерін сұрап білу.<br>Балалар бүгін сабақта әдемі құмыра бейнесін мүсіндейміз.<br>Суретте көргендерін айтып береді.<br>Мүсіндеу сабағында құмыраның бейнесін керек екенін айтады.<br>Сергіту сәті<br>Бас аякпен топ-топ<br>Алақанды соқ-соқ<br>Отырамыз, тұрамыз<br>Құстай қанат қағамыз<br>Орнымызды табамыз<br>Мүсіндеу тәсілін еске түсіру.<br>Балаларға мүсіндеудің әдіс-тәсілін түсіндіру.<br>Ұқыптты отыруларын қадағалау.<br>Құмыранын үлгісіне қарап мүсіндеу жұмысын бастайды.<br>Балалар қамырды қолданып әдемі құмы бейнесін мүсіндейді<br>Балалардың өз бетінше жұмыстары.<br>\|Құмыраның үлгісіне қарап мүсіндеу жұмысын бастайды.<br>Балалардың өз бетінше жұмыстары.<br>Қорытынды: Көрмеге шығару.<br>Сабаққа белсенді қатысқан балаларды мадақтау. |

| | | |
|---|---|---|
| | Достарымның суретін салып беріңдерші.<br>Тәрбиеші: Қарлығаш, балалар сізге достарыныздың суретін салып береді<br>Сурет салу әдісі: карлығаш құсының сұлбасын трафоретпен бастырып, карындашпен сызып алып, оның үстіне шемішкені және бауырын мақтадан желімдеп, түрлі түсті бояумен жіңішке кылқаламмен көзін, тұмсығын түрту әдісіменбейнелейміз.<br>Сурет салу адка, карлығаш құсының сұлбасын графорешен ластырыш, карындашнен сызып алып, оның үстіне шемішкені және бауырын мақтадан желімдеп, түрлі түсті бояумен жіңішке қылқаламмен көзін, тұмсығын түрту әдісіменбейнелейміз.<br><br>Саусақ жаттығуы: «Саусақтар жүреді» екі саусақпен 5-ке дейін тура және кері санап, алга-артқа жүреді. Балалар жеке жұмыс жасайды, көмек көрсету.Қорытынды бөлімі рефлексия:<br>Тәрбиеші: Сендерге сурет салган ұнады ма?<br>Қарлығаш құсы: Менің құстарымның суреті күшті болды. Рахмет, сау болыңдар!<br>Бала: Сау болыңдар!<br>Тәрбиеші жұмыстарына карай мадақтайды. | |

Тексерілді: Адилбекова А

Вариативтік компонент бойынша тәрбиелеу және білім беру циклограммасы.

**Білім беру ұйымы:** «ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК.

**Бейнелеу өнері педагогі:** Бердаулетова Г.К

**Топ**: «Балдырған» ортаңғы тобы, «Қарлығаш»ортаңғы тобы, «Айгөлек» ересек тобы, «Балапан» ересек тобы .

**Жоспардың құрылу кезеңі**: Сәуір 3 – апта.

| **Күн тәртібі**: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі |
|---|---|---|---|---|
| | Күні: 13.04.2026 ж.<br>«Қарлығаш» отаңғы тобы<br>Уақыты: 16:05 - 16:20 | Күні: 14.04.2026 ж.<br>«Балдырған» отаңғы тобы<br>Уақыты: 16:05 - 16:20 | Күні: 15.04.2026 ж.<br>«Балапан» ересек тобы<br>Уақыты: 15:50 - 16:10 | Күні: 16.04.2026 ж.<br>«Айгөлек» ересек тобы<br>Уақыты: 15:50 - 16:10 |
| **Ұйымдасты-рылған іс-әрекетке дайындық:** | Ұйымдастырылған іс-әрекетке көрнекілік материалдар реттеу | | Ұйымдастырылған іс-әрекетке көрнекілік материалдар реттеу | |
| **Ұйымдасты-рылған іс-әрекет:** | **Тақырыбы:«Ұшақ».(жармамен сурет салу)**<br>**Мақсаты**: көлік түрлері туралы түсініктерін бекіту; ұсынылған тапсырмаларды дұрыс орындауға, сөйлем құрастырып, өзіне қойылған сұрақтарға нақты жауап беруге үйрету. Сурет салу кезінде бір-біріне көмек бере білуге тәрбиелеу.<br>**Көрнекілік материалдар:** ұшақ суреті, слайд, үлгі жұмыс, жармалар,желім,ұшақтың дайын сұлбалары, үн таспа.<br>**ҰІӘ барысы**<br>Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты!<br>Қайырлы таң, балалар!<br>Қайырлы таң, апайлар!<br>Осы кезде үнтаспадан ұшақтың дыбысы естіліп, | | **Тақырыбы: «Қайық»**<br>**Мақсаты**: Дымқыл қағазға сурет салу техникасын қолдану қабілетін бекіту.<br>**Көрнекілік материалдар:** Картон, акварель қарындаштары, губка, табақшадағы су, қағаз және дымқыл майлықтар.<br>**ҰІӘ барысы**<br>Жұмбақ жасыру.<br>Суда – көлік;<br>Құмда - өлік. (Қайық)<br>Үтікке міндім,<br>Мұхитта жүздім. (Кеме)<br>Сұрақ-жауап<br>Кеме қандай көлік түріне жатады?<br>Кеме қайда тұрады?<br>Олардың адамға қандай пайдасы бар?<br>Кеменің пішіні қандай геометриялық пішінге ұқсайды?<br>Кеменің дымқыл қағазғасалу ретіне назар аударып, орындалу | |

| | | |
|---|---|---|
| | топка Дымбілмес келіп кіреді.<br>Дымбілмес: Салеметсіздер ме, балалар! Мен сендерге алыстан қонаққа келе жатырмын.<br>Тәрбиеші: Қош келдің, Дымбілмес, жогары шық, қонақ бол!<br>Сен бізге кай елден және қандай көлікпен келдің, алыстан? Дымбілмес: Білмеймін бір темір құспен ұшып келдім, ішінде менен басқада адамдар мініп алыпты.<br>Тәрбиеші: Дымбілмес, ол темір құс емес. Балалар, айтыңдаршы сендер жана дауысын естідіндер гой, не екенін білесіңдер ме? Балалар ұшақ екендігін айтады<br>Дымбілмес: Ол не ұшақ деген? Балалар маған айтып беріңдерші.<br>Балалар: Ол адамдар отыратын көлік, әуеде ұшып адамдарды баратын жеріне жеткізеді. Ұшақтарды жүргізетін маман несін ұшқыш дейміз.<br>Тәрбиеші: Дымбілмес, онда сен бүгін бізбен бірге бол. Балалар, бүгін біз сол ұшақты толықтай білу үшін, тақтаға назар аударайық. Интерактивті тақтаға назар аударып, ұшақ түрлері және Ұшқыштар туралы әңгімелеу. Ұшқыштар ұшакпен ұшады. Аспанды қорғайды. Ұшқыштар өте ақылды және мықты. Олар ұшақты баскару үшін ілімді болуы керек, сол үшін олар көп оқу керектігі туралы түсіндіріледі.<br>Тәрбиеші: Балалар, енді менің қолымдағы пішіндерді таңдау аркылы өз орындарына отырып, тапсырманы орындайық. (балалар пішіндерді таңдап, үш топқа бөлініп, үш түрлі құралдарды | барысын түсіндіру.<br>Алдымен қағазды дымқылдап аламыз.Содан кейін кемені, желкенді, күнді саламыз .Толқынды саламыз.<br>Балалар суреттерін өз бетінше салады.<br>Сергіту сәті:<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Қолымызды созайық,<br>Белімізді жазайық,<br>Айналаға қарайық<br>Отырайық,тұрайық,<br>Біраз тынығып алайық.<br><br>Д/о: «Не артық?»<br>Шарты: суретке қарап артық суретті сызып көрсету.<br><br>Қорытындылау<br>Бүгін біз нені жапсырдық?<br>Кеменің пішіні қандай болды?<br>Кеме қайда жүзеді?<br>Балаларды бағалау,мадақтау. |

| | | |
|---|---|---|
| | қолдану арқылы ұшақты бейнелейді).<br>1. үшбұрышты пішінді таңдағандар балалар; ермексазды тақтай бетіне жағу арқылы салады.<br>2. төртбұрышты пішінді таңдағандар; ақ парақты умаждау арқылы салады.<br>3. дөңгелек пішінді таңдаған балалар; карындашпен түрту арқылы салады. -<br>Дымбілмес сенде балалармен қосылып сурет сал. (Дымбілместе балалармен бірге отырады).<br>Қорытынды бөлімі рефлексия: Ойын: «Не, кайда жүреді?» (суретті паракша аркылы жолға белгісіне жолда жүретін көліктерді белгілесе, суға белгісіне судағы көліктерді белгілесе, әуеге белгісінеәуе көліктерін белгілейді).ымбілмеспен бірге «Ұшты ұшты» ойынын ойнайды.Аяқталған жұмыстарын талдау, мадақтау, бағалай отырып, үздік жұмыстардан көрмеге ұйымдастырылады. Дымбілмес балалар жұмысына риза болып, балалармен қоштасып кетеді. | |

Тексерілді: Адылбекова А

Вариативтік компонент бойынша тәрбиелеу және білім беру циклограммасы.

**Білім беру ұйымы:** «ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК.

**Бейнелеу өнері педагогі:** Бердаулетова Г.К

**Топ**: «Балдырған» ортаңғы тобы, «Қарлығаш»ортаңғы тобы, «Айгөлек» ересек тобы, «Балапан» ересек тобы .

**Жоспардың құрылу кезеңі**: Сәуір 4 – апта.

| **Күн тәртібі**: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі |
|---|---|---|---|---|
| | Күні: 20.04.2026 ж.<br>«Қарлығаш» отаңғы тобы<br>Уақыты: 16:05 - 16:20 | Күні: 21.04.2026 ж.<br>«Балдырған» отаңғы тобы<br>Уақыты: 16:05 - 16:20 | Күні: 22.04.2026 ж.<br>«Балапан» ересек тобы<br>Уақыты: 15:50 - 16:10 | Күні: 23.04.2026 ж.<br>«Айгөлек» ересек тобы<br>Уақыты: 15:50 - 16:10 |
| **Ұйымдасты-рылған іс-әрекетке дайындық:** | Ұйымдастырылған іс-әрекетке көрнекілік материалдар реттеу | | Ұйымдастырылған іс-әрекетке көрнекілік материалдар реттеу | |
| **Ұйымдасты-рылған іс-әрекет:** | **Тақырыбы:«Менің доптарым» (поролон таңбасы)**<br>**Мақсаты**: гуащьпен сурет салу дағдыларын қалыптастыру; дөңгелек затты-доптың суретін салуды үйрету; шығармашылық қабілеттерін, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту; байқағыштығы мен қөз мөлшерін, қолдың қимыл-қозғалыс қалыптастыру; шыдамдылыққа, төзімділікке, еңбек-сүйгіштікке тәрбиелеу<br>**Көрнекілік материалдар:** әртүрлі доптар, қағаз, гуашь, қылқалам, су,поролон таңбасы<br><br>**ҰІӘ барысы**<br>Қуан, шаттан, алақай,<br>Қуанатын күн келді. | | Тақырыбы:«Табақтағы өрнектер»<br>Мақсаты: Балаларды сурет салудың әртүрлі әдістерін (саусақтар, тіс тазалағыштар) қолдана отырып, қамырмен сурет салу техникасымен таныстыруды жалғастырыңыз.<br>Көрнекілік материалдар: Қағаз табақтар, жоғары сұрыпты бидай ұны, ұсақ тұз "қосымша", суық су, PVA желімі, қамыр илеуге арналған ыдыс, виски (ингредиенттерді араластыру үшін), гуашь, боялған қамырға арналған тостағандар, қағаз майлықтар және дымқыл майлықтар.<br>ҰІӘ барысы<br>Балалар шеңберге жиналып,<br>бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді.<br>Тәрбиеші: — Балалар, бүгінгі күніміз шуақты, көңіліміз көтеріңкі болсын!<br>Қане, бәріміз бірге айтайық:<br>Күннің көзі ашылды, | |

| | | |
|---|---|---|
| | Қайырлы таң! Қайырлы күн!<br>Күліп шықты күн бүгін!<br>Жұмбақ.<br>Тепсең-ақ секіріп,<br>Ұстатпай қашады.<br>Бір жерге бекініп,<br>Тұра алмай сасады. (доп<br>Сұрақ-жауап:<br>Тәрбиеші: - Доп не үшін қажет?<br>Бала: Доппен далада біз әртүрлі ойындар ойнаймыз, лақтырамыз,тебеміз.<br>Тәрбиеші: Допты неден жасайды?<br>Бала: Допты резеңкеден жасайды.<br>Тәрбиеші: - Доппен ойнайтын ойындарды атаңдар?<br>Бала: Фудбол, баскетбол<br>Тәрбиеші: Бүгін доптардың суретін салуды үйренеміз. Балалар, сендер ойнайтын доптар қандай түсті болады?<br>Бала: Менің добым қызыл түсті доптар қандай түсті болады<br>Бала: - Менің добым қызыл түсті.<br>Сурет салу әдісі: гуашьты аздаған мөлшерін алып, палитрада сумен араластырамыз. Содан соң бояуды керегінше аламыз. -<br>Қағаз бетінде доптың контурын бірден қылқаламмен дөңгелете жүргіземіз. Бояймыз.сурет салмас бұрын бәріміз саусақтарымызды дайындап, сергіп алайық.<br>Тәрбиеші: Балалар «Достық» саусақ жаттығуы.<br>Санайық жаңаша | Көкке шуақ шашылды.<br>Қолымызды созайық,<br>Әсемдікке бастайық!<br>Балалар бір-біріне күлімдеп қарайды.<br>Балалардың назарын үстел үстіндегі түрлі-түсті қамырларға және қағаз табақтарға аудару.<br>Тәрбиеші: — Балалар, бүгін біз ерекше сурет саламыз.<br>Қылқаламның орнына саусағымызды, тіс тазалағыштарды пайдаланып, қамырмен әдемі өрнектер жасаймыз. Қамыр арқылы табақтарды сәндейміз.<br>Саусақ жаттығуы<br>«Қамыр илейміз»<br>Иле, иле қамырды,<br>Домалаттық жаңғақты.<br>Созып-созып алайық,<br>Өрнек жасап қояйық.<br>Балалар қол саусақтарымен қимылдар жасайды.<br>Сергіту сәті «Шебер қолдар»<br>Оң қолымда бояу бар,<br>Сол қолымда ою бар.<br>Әдемілеп безендіріп,<br>Сурет салам мен енді.<br>Балалар қолдарын жоғары көтеріп,<br>айналдырып, саусақ қимылдарын орындайды.<br>Жаңа тақырыппен таныстыру<br>Тәрбиеші қамыр дайындау жолын көрсетеді.<br>Қамырды дайындау: Ұн мен тұзды араластыру; Су қосу; PVA желімін қосып, жақсылап араластыру; Қамырды бірнеше бөлікке бөліп, гуашьпен бояу.<br>Тәрбиеші түсіндіреді:<br>— Қамыр жұмсақ әрі созылмалы болуы керек. Біз саусақпен бастырып, тіс тазалағышпен сызықтар жүргізіп, әдемі өрнектер саламыз.<br>Дидактикалық ойын «Өрнекті тап»<br>Тәрбиеші балаларға әртүрлі ою-өрнек элементтерін көрсетеді.<br>Балалар олардың атауын айтып, қандай түстер қолданылғанын |

| | | |
|---|---|---|
| | Бір, екі, үш!<br>Желбіре жалауша,<br>Достықта біздің күш.<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Оларды атап шақырар,<br>Әрқайсысының аты бар.<br>Бас бармақ, Балаң үйрек,Ортан терек,Шылдыр шүмек,Кішкене бөбек.<br>Қорытынды:Дидактикалық ойын: «Түрлі доптар».<br>Шарты: қолдарындағы доптарды сипаттау.<br>-Ненің суретін салдық?<br>Бала: Доптың суретін салдық.<br>Тәрбиеші:- Теннис добы сурет салмай тұрғанда қандай түсті болды?<br>Бала: Бірінші кезде доп сары түсті болды, казір қызыл, көк түсті.<br>Тәрбиеші: - Балалар бір-бірлерінің жұмыстарын талдайды, бағалайды.. | анықтайды.<br>Сурет салу жұмысы<br>Балаларға қағаз табақтар таратылады.<br>Жұмыс барысы: Балалар түрлі-түсті қамырларды таңдайды. Саусақпен қамырды табақ бетіне жапсырады. Тіс тазалағышпен сызықтар, нүктелер, иректер салады. Өз қалауларынша ұлттық немесе еркін өрнектер жасайды. Тәрбиеші балаларға жеке көмек көрсетіп, жұмыстарын мадақтайды.<br>Қауіпсіздік ережесі Қамырды ауызға салмау; Тіс тазалағышпен абайлап жұмыс жасау; Жұмыс соңында қолды сүрту.<br>Қорытынды<br>Балалардың дайын жұмыстары көрмеге қойылады. Тәрбиеші: — Бүгін біз қандай әдіспен сурет салдық?<br>— Қандай құралдарды қолдандық?<br>— Сендерге қандай өрнек ұнады?<br>Балалар өз жұмыстарын таныстырады. Мадақтау — Өте әдемі жұмыстар шықты! Барлығың нағыз кішкентай суретші болдыңдар! |

Тексерілді: Айғе Адылбекова А

Вариативтік компонент бойынша тәрбиелеу және білім беру циклограммасы.

**Білім беру ұйымы:** «ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК.

**Бейнелеу өнері педагогі:** Бердаулетова Г.К

**Топ**: «Балдырған» ортаңғы тобы, «Қарлығаш»ортаңғы тобы, «Айгөлек» ересек тобы, «Балапан» ересек тобы .

***Жоспардың құрылу кезеңі***: Сәуір 5– апта.

<table>
<tr><td rowspan="2">Күн тәртібі:</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td></tr>
<tr><td>Күні: 27.04.2026 ж.<br>«Балдырған» отаңғы тобы<br>Уақыты: 16:05 - 16:20</td><td>Күні: 28.04.2026 ж.<br>«Балдырған» отаңғы тобы<br>Уақыты: 16:05 - 16:20</td><td>Күні: 29.04.2026 ж.<br>«Балапан» ересек тобы<br>Уақыты: 15:50 - 16:10</td><td>Күні: 30.04.2026 ж.<br>«Айгөлек» ересек тобы<br>Уақыты: 15:50 - 16:10</td></tr>
<tr><td>Ұйымдасты-рылған іс-әрекетке дайындық:</td><td colspan="2">Ұйымдастырылған іс-әрекетке көрнекілік материалдар реттеу</td><td colspan="2">Ұйымдастырылған іс-әрекетке көрнекілік материалдар реттеу</td></tr>
<tr><td>Ұйымдасты-рылған іс-әрекет:</td><td colspan="2">Тақырыбы: «Жайлауда»<br>Мақсаты: киіздің үстіне жайлау көрінісін дәстүрден тыс сурет салу технологиясын қолдану арқылы композиция құрастыра білуге үйрету; жайлау көрнісін бейнелеу кезінде бояуларды үйлесімді етіп қолдана білуге талпындыру; балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту; бірлесе отырып сурет салуға және нәтижеге жете білуге тәрбиелеу<br>Көрнекілік материалдар: түрлі – түсті бояулар, жіңішке, жалпақ қылқаламдар, сүрткіштер<br><br>ҰІӘ барысы<br>Мен келдім, міне, бүгін ортанызга,<br>Амандық тілеп сізге, баршанызга.</td><td colspan="2">Тақырыбы:«Аквариумдағы балықтар»<br>Мақсаты: Балаларды дәстүрден тыс сурет салу әдістерімен таныстыруды жалғастыру. Саусақпен, мақта таяқшаларымен және алақан іздері арқылы балықтардың бейнесін салуға үйрету. Балалардың шығармашылығын, ұсақ қол моторикасын, қиялын дамыту. Ұқыптылыққа, әсемдікке тәрбиелеу.<br>Көрнекілік материалдар: Аквариум суреті бар қағаздар, гуашь бояулары, мақта таяқшалары, дымқыл майлықтар, су құятын ыдыс, сүлгі, дайын үлгі суреттер, балықтардың суреттері.<br>ҰІӘ барысы<br>Балалар, бәріміз бір-бірімізге күлімдеп қарап, жақсы көңіл күй сыйлайық.<br>Күн күлімдеп қарайды,<br>Бізге шуақ тарайды.<br>Қуанышпен қарсы алып,</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | Саулығын берсін деймін бәрімізге,<br>Келесі кездескенше жана күнге.<br>Қызықтыру сәті:Ойыншық кошакан қонаққа келеді, бірақ өте көнілсіз.<br>Қошақан: Сәлем, балалар!<br>Тәрбиеші: Қошакан саған не болды, неге ренжулі жүрсін?<br>Қошақан: Мен жайлауға барғым келеді.<br>Тәрбиеші: Балалар, жайлауда нелер болады?<br>Бала: Қозы, кой, сиыр, түйе.<br>Тәрбиеші: Қошақан, сен неге жайлауға барғын келеді?<br>Қошақан: Жайлауда менің анамкой, достарым бар.<br>Тәрбиеші: Жайлау көрінісін жасап берейік.<br>Сергіту сәті:<br>Ауыл қонды жайлауға,<br>Дала жатыр жадырап.<br>Қой каптады койнауда,<br>Қозы, лақтар жамырап.<br>Сурет салу әдісі: Ак кніздін астынгы томен жағына жасыл түспен шөптерді жінішке кылкаламен жогары төмен сызып, жогар жағына мақганы көк түсті бояуга батырып алып дақ түсіру әдісін «Саусақтар жүреді» саусақтарга арналган жаттыну Екі саусақпен 5-ке дейін тура және кері санап, алга-артка жүреді<br>Қауіпсіздік ережесін сақтаймыз.<br>жеке жұмыс, көмек көрсету.<br>Қорытынды:<br>Тәрбиеші: Қошақан сенің жайлауына ұксай ма?<br>Қошақан: Мынау менің досымның суреті. Менің | Сабағымыз басталды.<br>Ұйымдастыру кезеңі<br>Балаларға аквариум мен балықтардың суреттерін көрсету.<br>Тәрбиеші:<br>— Балалар, балықтар қайда өмір сүреді?<br>— Аквариумда қандай балықтарды көрдіңдер?<br>— Бүгін біз ерекше әдіспен аквариумдағы әдемі балықтарды саламыз.<br>Саусақ жаттығуы<br>«Балықтар»<br>Суда жүзіп балықтар,<br>Жалт-жұлт етеді.<br>Құйрығымен бұлғаңдап,<br>Тереңдікке кетеді.<br>Балалар саусақтарымен балықтың қимылын көрсетеді.<br>Сергіту сәті<br>«Көңілді балықтар»<br>Балықтарша жүземіз,<br>Толқынменен тербелеміз.<br>Оңға, солға бұрылып,<br>Көңілді би билейміз.<br>Балалар қимылдарды қайталайды.<br>Жаңа тақырыпты түсіндіру<br>Тәрбиеші:<br>— Біз бүгін қылқаламсыз сурет саламыз.<br>Балықтың денесін алақан ізімен немесе саусақпен саламыз.<br>Ал көпіршіктері мен су толқындарын мақта таяқшаларымен бейнелейміз.<br>Тәрбиеші жұмыс үлгісін көрсетеді.<br>Дидактикалық ойын<br>«Балықты тап»<br>Тәрбиеші түрлі теңіз жануарларының суреттерін көрсетеді.<br>Балалар олардың ішінен балықтарды табады.<br>Шығармашылық жұмыс<br>Жұмыс кезеңдері:<br>Балалар алақандарын немесе саусақтарын бояуға малып, балықтың |

| | | |
|---|---|---|
| | жайлауымды таптым. Рахмет, сау болыңдар!<br>Бала: Сау болыңдар!<br>Тәрбиеші: Балалар, сендер кошақанның жайлауының суретін салғанда қандай құралдарды қолдандық?<br>Бала: Қылқаламмен шөптердің суретін салдық, мақтамен аспанның суретін салдық.<br>Тәрбиеші: Сендерге сурет салған ұнады ма?<br>Бала: Маған мақтамен бұлттың суретін салған ұнады.<br><br>Тәрбиеші жұмыстарына карай мадақтайды. | денесін салады.<br>Саусақпен құйрығы мен қанаттарын бейнелейді.<br>Мақта таяқшаларымен көпіршіктер мен су толқындарын салады.<br>Аквариум ішін өз қиялдарынша безендіреді.<br>Тәрбиеші балаларға көмек көрсетіп, мадақтап отырады.<br>Қауіпсіздік ережесі<br>Бояуды ауызға салмау;<br>Жұмыс соңында қолды сүрту;<br>Құралдарды ұқыпты пайдалану.<br>Қорытынды<br>Балалардың жұмыстары талданып, көрме ұйымдастырылады.<br>Тәрбиеші:<br>— Бүгін біз қандай әдіспен сурет салдық?<br>— Сендерге қандай балық ұнады?<br>— Балықтар қайда өмір сүреді?<br>Мадақтау<br>— Жарайсыңдар, балалар! Бүгін өте әдемі, көңілді аквариум жасадыңдар! |

Тексерілді: Айҷ Адылбекова А

Вариативтік компонент бойынша тәрбиелеу және білім беру циклограммасы.

**Білім беру ұйымы:** «ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК.

**Бейнелеу өнері педагогі:** Бердаулетова Г.К

**Топ**: «Балдырған» ортаңғы тобы, «Қарлығаш»ортаңғы тобы, «Айгөлек» ересек тобы, «Балапан» ересек тобы .

**Жоспардың құрылу кезеңі**: Мамыр 1– апта.

| **Күн тәртібі**: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі |
|---|---|---|---|---|
| | Күні: 4.05.2026 ж.<br>«Қарлығаш» отаңғы тобы<br>Уақыты: 16:05 - 16:20 | Күні: 5.05.2026 ж.<br>«Балдырған» отаңғы тобы<br>Уақыты: 16:05 - 16:20 | Күні: 6.05.2026 ж.<br>«Балапан» ересек тобы<br>Уақыты: 15:50 - 16:10 | Күні: 7.05.2026 ж.<br>«Айгөлек» ересек тобы<br>Уақыты: 15:50 - 16:10 |
| **Ұйымдасты-рылған іс-әрекетке дайындық:** | Ұйымдастырылған іс-әрекетке көрнекілік материалдар реттеу | | Ұйымдастырылған іс-әрекетке көрнекілік материалдар реттеу | |
| **Ұйымдасты-рылған іс-әрекет:** | **Тақырыбы: «Тышқаннның қашқан жолы»**<br>**Мақсаты**: бейнелеу өнері оқу қызметінде дәстүрден тыс әдіс- тәсілдерді қолдану арқылы балалардың іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру; балалардың бейнелеу өнеріне деген ынтасын ояту; бейнелеу өнеріне деген қызығушылықтарын арттыру ; эстетикалық талғамдарын жетілдіружәне бірлікке, татулыққа тәрбиелеу.<br>**Көрнекілік материалдар:** жіптер , қағаздар, қылқаламдар, су, бояулар<br>**ҰІӘ барысы**<br>Аспан Атадан күш-қуат алайық.<br>Армысыз, қайырымды Аспан Ата! | | **Тақырыбы: «Бақ-бақ»**<br>**Мақсаты**: Бақ-бақтың сыртқы түрін әдемі түрде көрсетуге, мәнерлі бейнені жасау үшін ерекше материалдарды қолдануға үйрету.<br>**Көрнекілік материалдар:** Түрлі-түсті картон, балауыз қарындаштар, акварельдер, щеткалар, сары майлықтар , жасыл қағаз, мақта жастықшалары, желім, қағаз және дымқыл майлықтар.<br>**ҰІӘ барысы**<br>Тәрбиеші:<br>— Балалар, бір-бірімізге жылы күлкі сыйлайық.<br>Күннің нұры төгілсін,<br>Көңіліміз көтерілсін.<br>Гүлдей жайнап бәріміз,<br>Қуанышқа кенелсін!<br>Ұйымдастыру кезеңі | |

| | | |
|---|---|---|
| | Армысыз, мейірімді Жер-Ана!<br>Армысыз, шұғылалы Алтын Күн!<br>Тәрбиеші: Балалар, қандай жәндіктерді білесіңдер?<br>Бала: Құмырсқа, көбелек, қанқызы, шегіртке<br>Тәрбиеші: Дұрыс, бұлардың бәрі жәндіктер. Мен балабакшаға келе жатканда бір жмшік тауып алдым,үстінде жазылған хат бар екен оқып берейін.алалар, бұл жұмбақ екен.<br>Жұмбак.<br>Үй ішін аралап,<br>Түнде көп жортады.<br>Қаптарды жарып,<br>Мысықтан коркады. (Тышқан)<br>Ол не? Бала: Тышқан.<br>Тәрбиеші: Дұрыс, жәшік ішінде тышқан бар екен, ашып көрейік.<br>Тышқан: Сәлем, балалар! Мен сұм мысықтан қашып, осы жәшіктің ішіне жасырындым.<br>Тәрбиеші: Тышкан сен қорықпа, біздің топта мысық жоқ.<br>Тышқан: «Менімен ойын ойнайсыңдар ма?<br>Бала: иә, ойын ойнауға дайынбыз.<br>Дидактикалық ойыны: "Мекенін тап"<br>Мақсаты: жәндіктердің өз мекендерін жаңылмай таба білу.<br>Ойын шарты: үстел үстіндегі муляж жәндіктерді өз мекеніне орналастыру.<br>Көбелеке кайда мекендейді?<br>Бала: Көбелек гүлдерден гүлге қонып, ұшып жүреді.<br>Тәрбиеші: Тышқан қайда мекендейді? | Балаларға бақ-бақ гүлінің суретін көрсету.<br>Тәрбиеші:<br>— Балалар, мынау қандай гүл?<br>— Бақ-бақтың түсі қандай?<br>— Ол қай мезгілде өседі?<br>Балалардың жауаптарын тыңдау.<br>Саусақ жаттығуы<br>«Гүлдер»<br>Бақ-бақ гүлін терейік,<br>Алақанға салайық.<br>Желмен бірге тербеліп,<br>Әсем гүлді аялайық.<br>Балалар саусақтарымен гүлдің ашылуын бейнелейді.<br>Сергіту сәті<br>«Гүлдер биі»<br>Жел соқты жайменен,<br>Гүлдер билеп жайқалған.<br>Оңға, солға иіліп,<br>Күнге қарап жайнаған.<br>Балалар қимылдарды қайталайды.<br>Жаңа тақырыпты түсіндіру<br>Тәрбиеші:<br>— Бүгін біз бақ-бақ гүлін ерекше тәсілмен жасаймыз.<br>Гүлдің сабағы мен жапырағын балауыз қарындашпен саламыз.<br>Сары майлықтарды умаждап, гүл күлтелерін жасаймыз.<br>Ал мақта жастықшаларымен үлпілдек бақ-бақты бейнелейміз.<br>Тәрбиеші жұмыс ретін көрсетеді.<br>Дидактикалық ойын<br>«Гүлді тап»<br>Тәрбиеші әртүрлі гүлдердің суреттерін көрсетеді.<br>Балалар бақ-бақты тауып атайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | Бала: Тышқандар үйде, шөл далаларда мекендейді. Өздеріне қазып ін жасап алады.<br>Тышқан: Балалар, енді менің мысықтан жасырынып, үйге баратын жолымды тауып беріңдерші.<br>Ойын: «Шытырман жол»<br>Ойын шарты: Жол бағыттарын бақылап, мысықтан жасырынып баратын тышқанның жолын тауып, сызып көрсетіңдер.Тышкан менің үйге баратын жолымның суретін салып беріңдерші, мен жоғалып кетпей үйімен тез жетейін.<br>Жіппен сурет салу әдісі: жіппен жұмыс жасағанда қағазды бір- біріне тенестіріп, ортасына бүктеп, ашып қояды. Қылқаламды бояуға малып, бір жартысына шашырату аркылы түрлі түсті тамшылар түседі. Жіптің екі шетін түйіп, бірінші түйіншігін кагаздың дәл ортасына салады да, екінші түйішігін кагаздың сыртыны қалдырады. Қағазды бүктеп, сол қолдың бас бармағымен ортасындағы жіптің түйіншігін үстінен басып, оң қолымен жоғары төмен жүргізеді. Осыдан кейін қағазды ашып, жіпті ептен алып тастайды.<br>Тышқанның мысықтан кашкан жолының суретін саламыз.<br>Саусақ жаттығуы: «Мысық пен тышқан»<br>Тышкан кашты мысықтан<br>Қатты-қатты жүгірді.<br>Еденде саусақтармен қашады.<br>Жылдам жүгіреді<br><br>Қорытынды: | Шығармашылық жұмыс<br>Жұмыс кезеңдері:<br>Түрлі-түсті картонға бақ-бақтың сабағы мен жапырағын балауыз қарындашпен салу.<br>Акварельмен фонды бояу.<br>Сары майлықтарды домалақтап гүл ортасын жасау.<br>Мақта жастықшаларын пайдаланып үлпілдек бақ-бақты бейнелеу.<br>Барлық бөліктерді желімдеу.<br>Тәрбиеші балаларға көмек көрсетіп, жұмыстарын мадақтайды.<br>Қауіпсіздік ережесі<br>Желімді ұқыпты пайдалану;<br>Бояумен таза жұмыс жасау;<br>Жұмыс соңында қолды сүрту.<br>Қорытынды<br>Балалардың жұмыстары көрмеге қойылады.<br>Тәрбиеші:<br>— Бүгін қандай гүл жасадық?<br>— Бақ-бақтың түсі қандай болады?<br>— Қандай материалдар қолдандық?<br>Балалардың жауаптары тыңдалады.<br>Мадақтау<br>— Жарайсыңдар, балалар! Бүгін өте әдемі, үлпілдек бақ-бақ гүлдерін жасадыңдар! |

| | | |
|---|---|---|
| | Тәрбиеші: Тышкан сенің ініңе баратын жолга ұқсай ма?<br>Тышқан: Мына жолмен мен қалай барамын ініме ?<br>(Балалар өз жұмыстарын талдап, тышқанған түсіндіріп береді.)<br>Тышқан: Түсіндім, рахмет, сау болыңдар!<br>Бала: Сау болыңдар!Тәрбиеші жұмыстарына қарай мадақтайды. | |

Тексерілді: Айгүл Адылбекова А

Вариативтік компонент бойынша тәрбиелеу және білім беру циклограммасы.

**Білім беру ұйымы:** «ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК.

**Бейнелеу өнері педагогі:** Бердаулетова Г.К

**Топ**: «Балдырған» ортаңғы тобы, «Қарлығаш»ортаңғы тобы, «Айгөлек» ересек тобы, «Балапан» ересек тобы .

**Жоспардың құрылу кезеңі**: Мамыр 2– апта.

| **Күн тәртібі**: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі |
|---|---|---|---|---|
| | Күні: 11.05.2026 ж.<br>«Қарлығаш» отаңғы тобы<br>Уақыты: 16:05 - 16:20 | Күні: 12.05.2026 ж.<br>«Балдырған» отаңғы тобы<br>Уақыты: 16:05 - 16:20 | Күні: 13.05.2026 ж.<br>«Балапан» ересек тобы<br>Уақыты: 15:50 - 16:10 | Күні: 14.05.2026 ж.<br>«Айгөлек» ересек тобы<br>Уақыты: 15:50 - 16:10 |
| **Ұйымдасты-рылған іс-әрекетке дайындық:** | Ұйымдастырылған іс-әрекетке көрнекілік материалдар реттеу | | Ұйымдастырылған іс-әрекетке көрнекілік материалдар реттеу | |
| **Ұйымдасты-рылған іс-әрекет:** | **Тақырыбы: «Құмырсқа» (пластилинография)**<br>**Мақсаты**:бейнелеу өнері оқу қызметінде дәстүрден тыс әдіс- тәсілдерді қолдану арқылы балалардың іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру; балалардың бейнелеу өнеріне деген ынтасын ояту; бейнелеу өнеріне деген қызығушылықтарын арттыру; эстетикалық талғамдарын жетілдіружәне бірлікке татулыққа тәрбиелеу.<br>**Көрнекілік материалдар:** түймелер, ермексаз, қатты қағаз<br>**ҰІӘ барысы**<br>Биік болсын біздің санамыз,<br>Білімнен бакыт табамыз. | | **Тақырыбы: «Мұздағы мамонт»**<br>**Мақсаты:** Балалардың тұзды қамырмен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру. Мамонт бейнесін жасау арқылы мүсіндеу тәсілдерін үйрету. Балалардың қиялын, шығармашылығын, қол саусақ моторикасын дамыту. Ұқыптылыққа, жануарларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу..<br>**Көрнекілік материалдар:** "Мамонтқа арналған Ана" мультфильміндегі иллюстрациялар, тұзды қамыр, стектер,көбік бөліктері, қағаз майлықтар және дымқыл.<br>**ҰІӘ барысы:**<br>Тәрбиеші:<br>— Балалар, бүгін бір-бірімізге жылы көңіл күй сыйлайық.<br>Күлімдейік күндей боп,<br>Қуанышқа толайық.<br>Бәріміз дос болайық,<br>Сабағымызды бастайық! | |

| | | |
|---|---|---|
| | Өнер білім көп окып, Біздер өсіп толамыз.<br>Жұмбак.<br>1.Ине бел, кылка мойын, қара батыр.<br>Қара тауды арқалап бара жатыр.Бұл не?<br>Бала: Құмырска<br>2. Ат басты, аркар мүйізді, бөрі кеуделі, бөкен санды, қос қанатты, ұмырска ізді, бота тірсекті.<br>Бала: Шегіртке.<br>Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар, енді өлеңмен танысайық мен мәнерлеп оқимын сендер жақсылап ыңдап отырыңдар.<br>Крылов Иван (Шегіртке мен құмырска) [Абай аудармасын оқып беру<br><br>Сұрақ-жауап.Тәрбиеші: - Шегіртке жазды қалай өткізді?<br>Бала: Жаз бойы секіріп жүреді.<br>Тәрбиеші: Ол құмырсқаға неге келді?<br>Бала: Құмырсқадан тамақ сұрап келді.<br>Тәрбиеші: - Балалар, құмырсқалар қалай жүреді?<br>Бала: Құмырсқалар тізбектеп жүреді.<br>Ойын - жаттығу: «Құмырсақалар тізбегі»<br>Ойын шарты: Өлең сөздері бойынша қимылдар жасайды.<br>Кәне, достар тұрайықық<br>Құмырсқа болып бәріміз.<br>Тізбек құрып, тұрайық,<br>Бір қатармен бәріміз.<br>Алға қарай жылжимыз.<br>Шебер ақсың жұмысқа<br>Тәрбиеші: - Балалар, біз бүгін құмырсқаның | Ұйымдастыру кезеңі<br>Балаларға мамонттың суреттерін және мультфильм иллюстрацияларын көрсету.<br>Тәрбиеші:<br>— Балалар, мамонт қандай жануар?<br>— Оның пілiден қандай айырмашылығы бар?<br>— Мамонттар қай жерде өмір сүрген?<br>Балалардың жауаптарын тыңдау.<br>Саусақ жаттығуы<br>«Үлкен мамонт»<br>Үлкен-үлкен құлағы,<br>Ұзын оның тұмсығы.<br>Ауыр қадам басады,<br>Қар үстінде жүреді.<br>Балалар саусақтарымен мамонттың жүрісін бейнелейді.<br>Сергіту сәті<br>«Мамонттар»<br>Мамонттар жүр жай басып,<br>Қар үстімен аяқтасып.<br>Оңға, солға бұрылады,<br>Достарымен ойнайды.<br>Балалар қимылдарды орындайды.<br>Жаңа тақырыпты түсіндіру<br>Тәрбиеші:<br>— Бүгін біз тұзды қамырдан мамонт жасаймыз.<br>Ал көбік бөліктері мұзды бейнелейді.<br>Қамырды созып, домалатып, бөліктерді біріктіру арқылы мамонттың денесін жасаймыз.<br>Тәрбиеші жұмыс тәсілдерін көрсетеді:<br>Денесін үлкен домалақтан жасау;<br>Аяқтарын ширату;<br>Тұмсығы мен азуын қалыптастыру;<br>Стекпен жүнінің іздерін түсіру.<br>Дидактикалық ойын<br>«Кімнің ізі?»<br>Тәрбиеші жануарлардың іздерін көрсетеді. |

| | | |
|---|---|---|
| | суретін саламыз.<br>Құмырсқа қандай болады?<br>Бала: Құмырсқа қара түсті, аяғы көп, денесі басы болады<br>Тәрбиеші: Құмырсақның суретін қалай салуға болады?<br>Бала: Сопақша пішінді етіп салуға болады.<br>Бала: Құмырска кара түсті, аяғы көп, денесі басы болады.<br>Тәрбиеші: Құмырсақның суретін қалай салуға болады?<br>Бала: Сопақша пішінді етіп салуға болады.<br>Сүймемен сурет салу әдісі: құмырсқа бейнесін түймемен танба басу арқылы саламыз. Денесін сопақша пішінді, басын дөнгелек, аяқтарын таяқшалармен жасаймыз.<br>«ӨРМЕКШІ» саусақ жаттығуы.Күні бойы еңбекпен (оң қолдың бас бармағы мен сол қолдың сұқ саусағының ұштарын түйістіреді, керісінше қайталайды (сол қолдың бас бармағы мен оң қолдың сұқ саусағы) матер досту лабак Өрмекші өрмек тоқиды (саусақтарын сыртылдатады Несер тек кенет селдеткен (оң алақанмен сол қол алақаның үстінен тез «сырғанап түседі) Еңбегін оның жоқ қылды (барлық саусақтардың арасын ашып, бір қолдыңалақандарына екінші қолдың алақан сыртын беттестіреді «күн» жасайды)Күн шықты қайта жарқырап (екі қол алақандарын беттестіре жоғары көтеріп біресе оңға,біресе солға иіледі)Құрғады тез-ақ төңірек (барлық саусақтардың ұштарын түйістіре, тез-тез | Балалар қай із қай жануарға тиесілі екенін табады.<br>Шығармашылық жұмыс<br>Жұмыс кезеңдері:<br>Тұзды қамырды жұмсартып илеу.<br>Мамонттың дене бөліктерін жеке жасау.<br>Бөліктерді біріктіру.<br>Стекпен жүнін және көзін белгілеу.<br>Көбік бөліктеріне орналастырып, мұз бейнесін жасау.<br>Тәрбиеші балаларға көмектесіп, жұмыстарын мадақтап отырады.<br>Қауіпсіздік ережесі<br>Қамырды ауызға салмау;<br>Стектермен абайлап жұмыс жасау;<br>Жұмыс орнын таза ұстау.<br>Қорытынды<br>Балалардың жұмыстары қаралып, шағын көрме ұйымдастырылады.<br>Тәрбиеші:<br>— Бүгін қандай жануар жасадық?<br>— Мамонт неден жасалды?<br>— Мұзды қалай бейнеледік?<br>Балалардың жауаптары тыңдалады.<br>Мадақтау<br>— Жарайсыңдар, балалар! Бүгін бәрің өте әдемі мамонттар жасадыңдар! |

| | | |
|---|---|---|
| | кезектестіре іp-біріне соғады)<br>Балалар жеке жұмыс жасайды, тәрбиеші көмек көрсету.<br>Қорытынды:<br>Тәрбиеші: Балалар, біз бәріміз ненің суретін салдық?<br>Бала: Құмырсқаның суретін салдык.<br>Тәрбиеші: Кім суретті қалай салды?<br>Бала: Түймемен мөр басу арқылы салдық.<br>Тәрбиеші: Біз құмырсқалардың суретін салдык.<br>Мадақтау | |

Тексерілді: Адылбекова А

Вариативтік компонент бойынша тәрбиелеу және білім беру циклограммасы.

**Білім беру ұйымы:** «ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК.
**Бейнелеу өнері педагогі:** Бердаулетова Г.К
**Топ**: «Балдырған» ортаңғы тобы, «Қарлығаш»ортаңғы тобы, «Айгөлек» ересек тобы, «Балапан» ересек тобы .
***Жоспардың құрылу кезеңі***: Мамыр 3– апта.

| **Күн тәртібі**: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі |
|---|---|---|---|---|
| | Күні: 18.05.2026 ж.<br>«Қарлығаш» отаңғы тобы<br>Уақыты: 16:05 - 16:20 | Күні: 19.05.2026 ж.<br>«Балдырған» отаңғы тобы<br>Уақыты: 16:05 - 16:20 | Күні: 20.05.2026 ж.<br>«Балапан» ересек тобы<br>Уақыты: 15:50 - 16:10 | Күні: 21.05.2026 ж.<br>«Айгөлек» ересек тобы<br>Уақыты: 15:50 - 16:10 |
| **Ұйымдасты-рылған іс-әрекетке дайындық:** | Ұйымдастырылған іс-әрекетке көрнекілік материалдар реттеу | | Ұйымдастырылған іс-әрекетке көрнекілік материалдар реттеу | |
| **Ұйымдасты-рылған іс-әрекет:** | **Тақырыбы: «Бақбақ гүлі »**<br>**(мақта таяқшаларымен)**<br>**Міндеттері**: бақбақ гүлінің сұлбасынқатты жартылай құрғақ қылқаламның қырымен суретсалу әдістерін жетілдіру; дәстүрлі емес техникасын қолдану арқылы сурет салу балалардың өзіндік шығармашылық қабілеттерін дамыту; сурет салу кезінде бір-біріне көмек беруге және де шағын ұжымдық жұмыс жасау кезінде бір – бірінің ойын тыңдап, бірлесе отырып нәтижеге жете білуге тәрбиелеу.<br>**Көрнекілік материалдар:** қатты қылқаламдар , қағаздар, су, бояулар, мақта таяқшалары.<br>**ҰІӘ барысы**<br>Психологиялық сәт: Балалар, менің қолымда әдемі гүл бар, осы гүлді бір-бірімізге сыйлап, жылы | | **Тақырыбы: «Дизайн бойынша»**<br>**Мақсаты**: дәстүрлі емес бейнелеу техникасында жұмыс істеу үшін қажетті материалдармен еркін экспериментте балалардың шеберлігі мен дағдыларын әр түрлі жетілдіру. Техника мен тақырыпты өз бетінше таңдау қабілетін бекіту.<br>**Көрнекілік материалдар:** Қолда бар заттармен<br>**ҰІӘ барысы**<br>Тәрбиеші:<br>— Балалар, бүгін біз нағыз дизайнер боламыз. Әрқайсың өз қиялдарың бойынша ерекше жұмыс жасайсыңдар.<br><br>Шабыт бізге келеді,<br>Қиял қанат береді.<br>Әдемілік әлемін,<br>Бүгін бірге көреміз!<br><br>Балалардың назарын үстелдегі түрлі материалдарға аудару.<br>Тәрбиеші: | |

| | | |
|---|---|---|
| | сөздер айтайық.<br>Тәрбиеші: Балалар, қазір мен сендерге жұмбақ жасырамын, сол жұмбақтың шешуін табасыңдар.<br>Жұмбақ.<br>Өзіне шап-шак, киген қалпағы аппақ, балалар тұр қаптап.Ол не? (Бақбақ)<br>Тәрбиеші: Көктем мезгілінде бірінші болып шығатын бақбақ гүлін қарап, бақылап, көрейік.<br>(Слайд қарау).<br>-Бақбақ (одуванчик) ерте көктемде өсетін көп жылдық шөп тектес өсімдік. Жапырақтары түп жағында топтасып орналасады. Шоқ бас, сары түсті гүлі жалғыздан сабақ ұшында өседі.<br>Бақбақты егістік арасынан, жоддан, сайдан, өзен жағасынан бастау басынан кездестіруге болады.<br>Бақбақ түгелімен дәріге жарамды. Жемісін пісуден бұрын қазып алып, жас күйінде немесе кептіріп. Дәрі жасайды.<br><br>Сергіту сәті: «Гүл»<br>Балалар мұқият тыңдайды.<br>Тақтмен жұмыс жасайды.<br>Өсемін былай мен деген,<br>Қауызым бүйтіп ашылар.<br>Кездерде самал тербеген,<br>Хош иісім манга шашылар.<br>Қауызым бүйтіп ашылар.<br>Кездерде самал тербеген, Хош иісім маңға шашылар. техникада сурет қылқаламды гуашьқа түсіру арқылы алынады, және бала қылқаламды тігінен ұстап тұрып қағазға салады. Жұмыс кезінде | — Балалар, бүгін сендер өздерің қалаған материалды таңдап, ерекше сурет немесе бұйым жасайсыңдар.<br>— Қандай техника қолданғыларың келеді?<br>— Қандай түстерді таңдайсыңдар?<br><br>Балалардың жауаптары тыңдалады.<br>Саусақ жаттығуы<br>«Шебер қолдар»<br>Қолдарым шебер менің,<br>Сурет салар өнерлімін.<br>Қиып, жапсырып аламын,<br>Әсем дүние құрамын.<br>Балалар саусақ қимылдарын орындайды.<br>Сергіту сәті<br>«Қиял әлемі»<br>Оңға қарап күлеміз,<br>Солға қарап жүреміз.<br>Қолымызбен сурет сап,<br>Шабыттанып билейміз.<br>Жаңа тақырыпты түсіндіру<br>Тәрбиеші:<br>— Бүгін сендерге еркін жұмыс беріледі.<br>Кім сурет салғысы келеді — сурет салады,<br>кім жапсыру жасағысы келеді — жапсырады.<br>Әртүрлі заттарды пайдаланып, ерекше дизайн ойлап табамыз.<br>Тәрбиеші дәстүрлі емес әдістерді еске түсіреді:<br>губкамен бастыру;<br>саусақпен сурет салу;<br>жіппен бейнелеу;<br>қақпақпен мөр басу;<br>табиғи материалдармен безендіру.<br>Дидактикалық ойын<br>«Неден жасауға болады?»<br>Тәрбиеші әртүрлі заттарды көрсетеді.<br>Балалар ол заттарды қандай жұмысқа қолдануға болатынын айтады. |

| | | |
|---|---|---|
| | қылқалам суға салмаймыз (малымаймыз).Қатты жартылай құрғақ қылқаламның қырымен сурет салу әдіс-тәсілі: аталғанОсылайша, қағаз бетінде бақбақ гүлінің сұлбасын саламыз.<br>«КІМ КЕЛДІ?» саусақ жаттығуы.Қане, қане кім келді? (екі қолдың бас бармақтарының ұштарын созады)Біз, біз, біз! (екі қолдағы бас бармақтарды қосып ұстап, қалған саусақ үштарын бір мезгілде соғады).Апа, апа, бұл сіз бе? (екі қолының бас бармақтарының ұштарын созады)Иә, иә, иә! (сұқ саусақтарының ұштарын соғады)Әке, әке, бұл сіз бе? (екі қолдарының бас бармақтарының ұштарын соғады) Иә, иә, иә! (ортаңғы саусақтардың ұштарын соғады)Ағатайым, бұл сіз бе?(екі қолдың бас бармақтарының ұштарын соғады) Иә, иә, иә! (аты жоқ саусақтардың (шылдыр шүмек) ұштарын соғады) Қарындасым, бұл сіз бе? (екі қолдың бас бармақтарының ұштарын соғады)Иә, иә, иә! (кішкене саусақтардың ұштарын соғады)Біздер тату жанұя (барлық саусақтардың ұшымен бірге соғады)Қарындасым, бұл сіз бе? (екі қолдың бас бармақтарының ұштарын соғады Иә, иә, иә! (кішкене саусақтардың ұштарын соғады)<br>Біздер тату жанұя (барлық саусақтардың ұшымен бірге соғады) Иә, иә, иә! (алақандарымен шапалақтайды)<br>Балалар жеке жұмыс жасайды. Көмек көрсету.<br>Қорытынды:<br>Тәрбиешінің түсіндіруі бойынша бақбақ гүлінің суретін салады.<br>Тәрбиеші: Балалар, біз бүгін қандай гүлдің суретін | Шығармашылық жұмыс<br>Балалар өз қалауы бойынша материал мен техниканы таңдайды.<br>Жұмыс барысы:<br>Идея ойластыру;<br>Қажетті материалдарды таңдау;<br>Өз бетінше шығармашылық жұмыс орындау;<br>Дайын жұмысты безендіру.<br>Тәрбиеші бағыт-бағдар беріп, балалардың дербестігін қолдайды.<br>Қауіпсіздік ережесі<br>Құралдарды ұқыпты пайдалану;<br>Желім мен бояуды төкпеу;<br>Жұмыс соңында орынды таза қалдыру.<br>Қорытынды<br>Балалардың жұмыстары көрмеге қойылады.<br>Тәрбиеші:<br>— Бүгін қандай материалдар қолдандыңдар?<br>— Қай техника сендерге көбірек ұнады?<br>— Өз жұмыстарыңды қалай атауға болады?<br>Балалар өз жұмыстарын таныстырады.<br>Мадақтау<br>— Жарайсыңдар! Бүгін әрқайсың ерекше дизайнер болып, керемет шығармашылық жұмыстар жасадыңдар! |

| | | |
|---|---|---|
| | салдық?<br>Бала: Біз бақбақ гүлінің суретін салдық.<br>Тәрбиеші: Түсі қандай болады?<br>Бала: Бақбақ гүлі сары түсті болады.<br>-Ендеше мен сендерге үйге «Бақбақ» тақпағын жаттауға беремін.<br>Балаларды мақтап, мадақтау. | |

Тексерілді: Адылбекова А